




Тағы бір елді мекен «көгілдір отынға» қосылды

2



Баланың есен-саулығы – ерен бақыт

3



Табиғатты алдырмай сұр ажалға, қорықшы жүр ну тоғай, құба жонда...

4-5



«Мені өледі деген сөздер – ертегі»

8



Сыр бойы



№173-174
(19851-19852)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

16 қараша /СЕНБІ / 2019 жыл

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өтті. Оған комиссия мүшелері, селекторлық режимде Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, аумақтық департамент пен инспекция, құқық қорғау органдарының, басқармалардың басшылары қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Рәміздерді қолдану тәртібі тиянақтылықты талап етеді

Мемлекеттік рәміздердің насихатталуы мен қолданылу жай-күйіне жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов хабарлама жасады. Басқарма басшысының айтуынша, рәміздерді насихаттау және құрметтеуге бағытталған шаралар ұдайы ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілген. Дегенмен, облыстық инспекциялық топтың зерделеуі нәтижесінде мониторинг жасалған 301 мекеменің 58-де кемшіліктер анықталып отыр. Мәселен, Арал аудандық төтенше жағдайлар бөлімі ғимараты сыртындағы Тудың шеті сәтінесе, «Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы» ғимаратының сыртындағы Ту жыртылған. Сондай-ақ, Арал ауданаралық ауруханасында Мемлекеттік Ту түнгі мезгілде жарықтандырылмаған. Ал Қазалы ауданы, Өркендеу ауылдық округі әкімі аппаратындағы «ҚР Мемлекеттік рәміздері» стендісінде бейнеленген мемлекеттік Елтаңба жана стандартқа сай өзгертілмеген. Оған қоса осы ауылға қарасты №5 «Аққоян» балабақшасы ғимаратының сыртындағы Тұтұғыр стандартқа сай келмейтін болса, Әйтеке би кентіндегі №266 мектеп-лицейдің директор кабинетіндегі Тұтұғыр айшығының ұшы сынған.

Рәміздерді қолдану мен пайдалану заңдылығын сақтау өткен жылмен салыстырғанда биыл едәуір жақсарған. Мекеме басшылары рәміздерге ерекше мән беріп, кемшіліктерді түзетуге ниет білдіруде. Жана стандартқа сәйкес, «QAZAQSTAN» жазуы латын графикасына ауыстырылған Елтаңбаға аудандардағы мекемелер толық көшкен. Қазалы ауданы ғана ауыспаған. Өйткені, бұл бағыттағы жұмысты жүргізуге биыл да қаржы бөлінбегені зерделеу барысында анықталды, – деді Т.Маханов.

Дәл осындай кемшілік басқа аудандар мен Қызылорда қаласына да тән. Қармақшы ауданы Қуандария ауылдық округі әкімінің аппаратында «ҚР Мемлекеттік рәміздері» стендісінде бейнеленген Мемлекеттік Елтаңба жана стандартқа сай өзгертілмеген. Ал, Алдашбай ахун ауылдық клуб үйінің ғимарат сыртында Мемлекеттік Ту мүлде орналастырылмаған. Тұтұғырдың стандартқа сәйкес өзгертілмеуі Төретам кенттік клуб үйінде де кездесті. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі ғимаратының сыртындағы Мемлекеттік Ту тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырылмаған.

Жалағаш аудандық ауруханасының маңдайша жазуындағы әріптер түсіп қалса, Сырдария аудандық төтенше жағдайлар аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімдердің маңдайша жазуларындағы Мемлекеттік

Елтаңбаның түсі оңып кеткен. Мемлекеттік Елтаңбаның жана стандартқа сай өзгертілмеуі Шиелі ауданының Қарғалы ауылдық округінде де анықталып отыр. Рәміздердің тозығы жетуі, стандартқа сәйкес келмеуі Жанақорған ауданы мекемелерінде де орын алууда. Тексеру барысында Қызылорда қаласы Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектеп директорының кабинетіндегі Тұтұғыр айшығының ұшы сынғаны белгілі болса, С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицей ғимаратының сыртындағы Мемлекеттік Ту жыртылған. Білім беру ордасының бірі – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің стендісінде бейнеленген Мемлекеттік Елтаңба жана стандартқа сай өзгертілмеген.

Мұндай кемшіліктер облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі, қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде және «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы ғимаратында да бар. Комиссия отырысында Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұрдинов, Жалағаш ауданы әкімінің міндетін атқарушы Алтынбек Дәрібаев баяндама жасады. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттау бойынша жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы баяндады.

Бүгінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты мекемелерде кемшіліктер жойылған. Биыл 74 Мемлекеттік Ту мен 35 Мемлекеттік Елтаңба алуға үш жарым миллион теңгеден астам қаражат бөлінді, барлық мекемелерде Елтаңбалар стандартқа сай ауыстырылған.

Баяндамашыларды тыңдаған облыс әкімі жиын соңында Мемлекеттік рәміздерге қатысты кемшілік орын алған мекеме басшыларына тапсырмалар берді. Олар орындалмаған жағдайда мекемелердің бірінші басшыларының қызметіне саяси баға беріледі.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану, қолдану және насихаттау – әрқашанда өзекті және басты назарда болатын мәселе. Өздеріңіз білетіндей, облыс орталығында, аудандардың мемлекеттік мекемелерінде, облыстық департаменттердің аудандық бөлімдерінде Мемлекеттік рәміздерді пайдалануда көптеген кемшіліктер анықталды. Осыған орай, Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттауда 2 реттен артық кемшілік жіберген бірінші басшылардың қызметіне саяси баға беру туралы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының саяси кеңес бюросына ұсыныс енгізуді тапсырды. Әрі жоғарыда аталған кемшіліктер 20 қарашаға дейін жойылуы керек, – деді аймақ басшысы.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Теңге төрге шыққан күн

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов ҚР Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалында банк филиалдарының басшыларымен, ұжым мүшелерімен, сала қызметкерлерімен және қаржыгерлермен кездесіп, оларды Ұлттық валюта күнімен құттықтады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Аймақ басшысы кездесу алдында коллекциялық монеталар көрмесімен танысты. Филиал директоры Әсет Мұстафин облыс әкіміне еліміздің айтулы даталарына арналған, сондай-ақ «Қазақстанның өдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» сериясы бойынша шығарылған монеталарды таныстырды. Бұл монеталарды қазіргі кезде мемлекеттегі тарихи оқиғаларды, мәдени ескерткіштерді, көрнекті қайраткерлерді есте қалдыру, мерейтойлық күндерді, мәдениет және спорт саласындағы жетістіктерді атап оту үшін пайдаланады. Қазақстандық коллекциялық монеталар халықаралық стандартқа сай шығарылууда. Сонымен қатар әлемдік каталогтарға енгізілген және нумизматикалық құндылықтарға ие. Тағы бір атап өтерілігі, күміс пен танталды астам қаражат бөлініп, барлық мекемелерде Елтаңбалар стандартқа сай ауыстырылған.

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ

Палуандар бәсекесі: жамбылдықтар жеңіс тұғырынан көрінді

«Евразия» спорт кешеніндегі дүбірлі доданың соңғы күнінде әйелдер арасындағы белдесу өтті. Ел чемпионатына Қазақстанның барлық өңірінен 500-ге жуық палуан қатысқаны айтылған едік. Әйелдер бәсекесінде 84 палуан бағы сынады. Бұрымылардың жеке-жегі де ерлердікінен бір мысқал кем емес. Мұнда да қарсыластың қолын «байлап», алып жыққан мықтылар көп болды.

Дәулет ҚЫРДАН.

Жарыс бастала сала төрешілердің алдындағы үш кілемге үш салмақ бойынша палуандар шыға бастады. Қыз демесен, талай қақпақ жауырынды жерге тигізетін қауқары бар. Күні бұрын түйе палуандардың күресін

алғанда коллекциялық монеталар 27 номинация бойынша шығарылууда.

Облыс әкімі салтанатты жиынға қатысушыларды Ұлттық валюта күнімен және қаржы саласы қызметкерлерінің көсібі мерекесімен құттықтады.

Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінде еліміздің өз қаржы қоры мен валюталық сақтық қорлары мүлде болмады. Өз бетімізше қаржы-несиелік саясатын жүзеге асыруға да мүмкіндік жоқ кезең еді. Тура 26 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бас-тамасымен өз валютамыз – төл Теңгемізді енгізу сол кезеңдегі экономикалық қиындықтарға төтеп беруге және егемендігімізді нық қалыптастыруға мүмкіндік берді, – деді аймақ басшысы.

Одан әрі теңгені шығару тарихына тоқталып өтті. Оның алты күн ішінде халыққа жеткізілгеніне осы жиынға

қатысушы аға ұрпақ және орта буын өкілдері куә. Ақшаны шет елде бастыру қымбатқа түсетін болғандықтан, қағаз банкнотты Алматыда, монеталарды Өскеменде шығару жолға қойылған еді. Теңге дизайнымен, сапасымен және қорғау белгілерімен ерекшеленеді. Халықаралық көрмелерде үш рет бірінші орынды жеңіп алған.

Бүгінгі таңда Қазақстанның банк секторы жүргізілген жүйелі реформалардың нәтижесінде бүкіл посткеңестік кеңістікте алдыңғы қатарда тұр деуге болады. Сондай-ақ, ТМД елдерінің ішіндегі ең жақсы төлем жүйесінің бірін құрғанымызды да айта кеткен жөн. Бұл – тек сіздердің ғана емес, барша қазақстандықтардың мерекесі. Сондықтан да бүгін жұмыс күнін өздеріңізбен кездесуден бастадым, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шара соңында аймақ басшысы сала өкілдеріне облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

жаттық. Өзі құлап бара жатып, қарсыласты бірінші сұлтандар да болды. Хабарлаушының аузынан «Қызылорда» деген сөз шықса, құлағымыз елең етіп, боз кілемнен Диана Гайбулла, Сымбат Төрән, Аида Ермашова, Нұрғанын Тұршабекова тәрізді палуан қыздардың жеке-жегіні тамашаладық. Ө дегеннен Сыр сұлулары өзгеден басым түсіп, қарсыласты шақ келтірмей жатқан. Ерекше айта кету керек, Гайбуллина мен Ермашовадан көрермен көз алмады. Әдіс-тәсілге бай, олар күресіп болғанша жанкүйерлер тыным таппады.

6 айға жекелеу үшін /3000 тт. Мекемелер үшін /4000 тт.

8-бет.

ПАРТИЯЛЫҚ ТЫҢДАУ

Қызылордадағы «РМЗ-Шапағат» ЖШС-ның үй құрылысы комбинаты биыл қаңтар-ақпан айларында құны 167,8 млн теңге болатын 1,9 мың текше метр темір бетон бұйымын шығарды. Ал наурызда тапсырыстың жоқтығынан жұмысын тоқтатты. Облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов индустриалды даму мәселелеріне арналған партиялық тыңдауда комбинаттың тамырына қан жүгірту маңызды екенін айтты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Индустриалды даму – экономиканың күретамыры

Міндетті орындамағаны өз алдына, серіктестіктің «ҚДБ-Лизинг» АҚ алдындағы, салықтық, коммуналдық және жалақы қарызы қордаланып қалған. Өңірде, әсіресе, Сырдарияның сол жағалауында құрылыс қарқын алғанын ескерсек, комбинат өнімдерінің қажеттілігі айқын сезіледі.

Жергілікті құрылыс компаниялары керек материалды Жамбылдан әкеп жатқан көрінеді. Оның орнына неге өз өнімдерімізді пайдаланбақпа?! – деді аймақ басшысы.

2015 жылы ұлттық телекөпір кезінде іске қосылған құрылыс индустриясындағы ерекше жобаны әуелгі және

– деді Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев. Облыс орталығында индустриалдыру бағдарламасының бірінші бесжылдығында 4 жоба жүзеге асырылса, екінші бесжылдығында 10 жоба қолға алынды. Жиында осы бағыттағы жұмыс және жоспар туралы айтылды.

Өңдеу өнеркәсібі бүгінде тамақ, машина жасау, мұнай өнімін өңдеу, жеңіл өнеркәсіп есебінен қалыптасып отыр. Облыстық статистика департаментінің мәліметінше, 2019 жылдың 9 айында салада 31,1 млрд теңгенің (өткен жылдың осы кезеңінен 2 процентке



қазіргі бастамашылары да жандандыра алған жоқ.

3 үйдің құрылысына қатысты тапсырысты 2 жылда әрен бітірді. Тағы 3-ін аяқтас қалдырып.

Құрылтайшы уәде бергеннен оны орындамай отыр. Осылай жалғаса берсе, басқа инвестор тартуға тура келеді. Алайда, құрылыс компаниялары мен кәсіпкерлер арасында жобаға қызығушылар жоқтың қасы,

артық) өнімі өндірілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 91,4 млрд теңге болды.

Бағдарламаның екінші бесжылдығы аясында индустриалдыру картасына құны 71,1 млрд теңгені құрайтын 10 жоба енді. Оның 2-еуі жүзеге асырылды, 1-еуі жыл соңында іске қосылады, – деді Н.Нәлібаев.

2-бет.



Индустриалды даму – экономиканың күретамамыры

Картада көрініс тапқан жобалар белгіленген мерзімде орындалуы тиіс. Нәтиже болмаған жағдайда жер телімдері мемлекетке қайтарылады. Аймақ басшысы ел экономикасын еселейді деген бағдарламаға жүрдім-бардым қараудың соңы осыған әкеп соғатынын жеткізді.

Жиында Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының әкімдері де атқарылған жұмыс пен кезегін күткен жобалардың есебін жасады.

Бағдарламаның бірінші бесжылдығында Қармақшыда Қорқыт ата зиярат ету орталығы жобасы жүзеге асты. 2013 жылы пайдалануға берілген кешен жылына 1500 туристі қабылдай алады. Ал жылына 1500 тонна құс етін өндіретін фабрика ашу жобасы екінші бесжылдықтың еншісінде. Соңғы он жылда индустрияландыру картасына небәрі екі жоба енген.

Облыс әкімі туристер үшін тартымды Қорқыт ата мемориалды кешенінде келушілерге барлық жағдай жасалуы тиіс

1-бет.



екенін, одан бөлек, жұмыс орнын көрсетуде жалған цифр ұсынбауды ескертті.

– Жыл басында «Дорстрой» серіктестігі Қорқыт ата зиярат ету орталығын жеке кәсіпкерге жалға берген. Кәсіпорында жоспарға сәйкес 15 жұмыс орны құрылу керек болса, облыстық мемлекеттік кірістер



департаментінің мәліметіне сәйкес қазір онда 3 адам жұмыс істеп жатыр. Екінші жоба бойынша кәсіпорынның 6 жыл бұрын ашылғанын, жобалық қуаттылықты игергенін ескере отырып, қалған жұмыс орнының ашылуы бақылауда болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде Шиеліде атқарылған шаралармен аудан әкімі Әшім Оразбекұлы таныстырды.

– Бірінші бесжылдықта картаға 2 жоба енгізілді. Жеке кәсіпкер Палжановтың кіріші өндірісі 2012 жылы іске қосылды, бүгінде ол тұрақты жұмыс істеп тұр. «Ал-

тын бала-08» серіктестігінің қамыс тактай өндірісі жобасы құрылтайшылар арасындағы дауға байланысты уақытша тоқтады. Өндіріс үйлестіру кеңесінің шешімімен картадан шығарылды. Бағдарламаның екінші бесжылдығы аясында құны 149,2 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асыры-

лады, – деді Ә.Оразбекұлы.

Бағдарлама бойынша ауданда екі жоба ғана мақұлданды, онда жеңіл және жиіаз өнеркәсіптері мүлдем қамтылмаған. Соның кесірінен биыл 9 айда жеңіл өнеркәсіп саласында көрсеткіш төмен болды. Облыс әкімі кемшілікті жою үшін тиісті жобалардың қаржыландырылуына қатан сынға алды.

Жаңақорғандағы «Тату Агро» шаруа қожалығының томат пастасын шығару жобасы әлі тұралап тұр. Топырақтың құнарлы болмауы себепті биыл 80 гектар жерге қызанақтың орнына жүгері егілді. Еске салсақ, бұл – бірінші бесжылдықта картада көрініс тапқан екі жобаның бірі. Ал «СКЗ-У» компаниясына қарасты күкірт қышқылы зауыты жұмысын жолға қойды.

Аудан әкімі Сұлтан Мақашовтың айтуынша, екінші бесжылдықтың аясында 4 жоба жүзеге асырылып жатыр. Олар – «Преміум Класс-Строй» ЖШС-ның ақ шаруа, «Қызылорда АGROPlus» ЖШС-ның томат пастасын шығару, республикалық индустрияландыру картасы аясында «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ-ның «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнында қуаттылығы жылына 4 млн тонналық кен байыту комбинаты, «Қазақстанская Евразийская логистическая сервисная компания» ЖШС-ның ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобалар.

Аймақ басшысы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында ауданда ешбір жоба мақұлданбағанын айтып, тиісті жұмысты дер кезінде жүзеге асыруды тапсырды.

БРИФИНГ

Қызылордалықтардың 95 проценті тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру деңгейіне қанағаттанады. Ал 80 проценті қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты деп санайды. Өндіріс коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов әлеуметтанушылардың зерттеу нәтижесін ұсынды. Одан бөлек, бірнеше бағыттағы жұмыс жайына тоқталды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Сын-ескертпелер ескерусіз қалмайды

Келесі жылдың шілдесінде Сыр өңірі ұлттық цифрлық телехабар тарату жүйесіне толық қосылмақ. Қазіргі күні жеке 92 процентті құрап отыр немесе 130 мыңнан астам абонент аталған жүйе қызметін қолданады.

Аймақтың медиа кеңістігінде 100-ден астам бұқаралық ақпарат құралы болса, соның 90-ға жуығы баспа түрінде жарық көреді. Бүгінде сала өкілдерінің кәсіби біліктілігін арттыруға арналған әлеуметтік жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұған дейін Қайнар Олжай, Нұртөре Жүсіп, Серік Жанболат секілді журналистика майталмандары шеберлік дәрістерінде тәжірибе-білімдерімен бөлісті.

Басқарма басшысы әлеуметтік желі қызылордалықтар үшін наразылық білдіріп, сын-ескертпе айтатын маңызды ақпарат алаңына айналғанын атап өтті.

Биыл он айда 2 мыңнан астам сыни пост жарияланды. Оларға дер кезінде жауап берілді. Тұрғындармен кері байланыс орнату мақсатында әлеуметтік желілерде қала, аудан әкімдіктері мен облыстық басқармалардың ресми парақшалары ашылды. Ұсыныс-пікір, сын-ескертпе, талап-тілектің ешқайсысы нараздан тыс қалмайды, – деді Т.Маханов.

Ономастика және көрнекі

Сапа – жетістік кілті

Елімізде жыл сайын қараша айының екінші бейсенбесінде дүниежүзілік сапа күні аталып өтеді. Айтулы күнге орай техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті мен «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Қызылорда филиалы «Сапалы 100 жыл» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпкерлер қатысқан басқосуда сапа менеджменті талқыланды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шараны техникалық реттеу және метрология комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Ерқанат Кеуілжаев ашып, қатысушыларды мерекеміз құттықтады.

– Дүниежүзілік сапа күнінің мақсаты – ұсынылатын өнімдер мен қызметтің сапасын арттыруға бағытталған. Бүгінде елімізде өндіріс саласында сапа мәселесіне жеті назар аударуда. Бұл – кәсіпорындар үшін бәсекеге қабілеттіліктің алғашқы бастамасы. Сондықтан өндірісшілер жоғары сапалы өнімді шығару мүмкіндігін көрсетіп қоймай, өнім сапасының үнемі жоғары екенін де дәлелдеуі керек. Сонда ғана біз халыққа таза, қауіпсіз өнім ұсына аламыз. Арамызда осындай сапалы дүние ұсынып жүрген кәсіпорындар жетерлік, – деді департамент басшысы.

Дөңгелек үстелде бірқатар кәсіпорын басшылары «Сапа көшбасшысы – 2019» марапаты табысты. Олардың қатарында «Абай-Дуалет» ЖШС, «Бурение и К» ЖШС, «Байкен У» ЖШС, ЖК «Шалқиябаев К» мекемелері бар.

«СБ» ақпарат.

Жастардың талабын ұштаған жыл

«Жастар жылында» өңірде қандай шаралар атқарылды? Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысында осы мәселе қаралды.

Мәлімдер ҚАЛЫМБЕТ.



Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқаламов пен жауапты сала басшылары қатысқан жиында спикерлер жастарды қолдау, соның ішінде NEET санатындағы жастармен жұмыс жүргізу, оларды жұмысқа орналастыру мәселесіне қатысты баяндама жасады. Бірінші болып облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов сөз алды. Сыр өңірі мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру бойынша көшбасшылар қатарында, 2021 жылға дейін белгіленген арнайы «Жол картасында» жастардың жұмысқа орналасу, тұрғын үй, білім беру, бос уақытты тиімді пайдалануға қатысты мәселелерінің шешімі қарастырылған.

– Әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқын жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте біз жастардың ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге көңіл аударудамыз. Білім берудің, денсаулық сақтаудың, үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың ауқымды мемлекеттік бағдарламалары жастардың болашағына бағытталып отыр. Биыл облыс бойынша 500-ге жуық жас кәсіпкерлік негіздерін оқыса, 22 мың осы бағдарламалардың игілігін көрді. Олардың қатарында «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнесің жол картасы – 2020», «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламалары бар. Ауыл жастарына арналған «Дипломмен – ауылға» жобасы да жемісін беруде. Қолдау бұдан былай да толастамайды. Оны Сырдарияның сол жағалауынан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында пайдалануға берілген жана орталықтан байқауға болады. Бұл «Жастар жылына» үлкен сый болды, – деді Қ.Жанұзақов.

Сонымен қатар басқарма басшысы аймақта NEET санатындағы жастар саны төмендегенін алға тартты. Оған еңбек ресурстары балансының жыл сайын жанаруы, «Облыс бойынша NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарының», жоғарыда аталған «Облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол картасының» іске асырылуы ықпал еткен.

– Жаңа жоба көп. Қазір жеті жұрттың тілін білуді әуелден мақсат еткендерге болашақтың есігі ашық. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетіндер өз елінде де, шетте де бәсекеге қабілетті маманға айналады. «Жастар ресурстық орталығы» КММ осыны ескере келе, ағылшын тілін оқыту жобасын сәтті жүзеге асырды. Оған қоса бүгінде еріктілер қызметін насихаттайтын «Еріктілер тобы», стартап идеялармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін «Kyzylorda Business Hub» жаңа жобалары жұмысын бастады, – деді басқарма басшысы.

Кенесте жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу сөз болды. Бұл ретте облыс әкімі баланың теріс жолға түспеуі ата-ана, мектеп және құқық қорғау органдарының бірлескен әрекетіне байланысты екенін еске салды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жаксылық Әбдусаметов салауатты өмір салты ұстануды насихаттау бойынша жүргізілген жұмыстарды ортаға салды. Ал, қала әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұридидинов пен Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Жағыпар Тәжмаханов жастар саясатының дамуын баяндады. IT технология-

ны игеру, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мақсатындағы шараларға да тоқталды. Қалған аудан әкімдіктері де бейнебайланысқа шығып, осы бағытта атқарылған істерді тарқатып айтты. Келесі кезекте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова саладағы жастарға көрсетілген қолдауға тоқталды.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсету туралы тапсырмасы жұмысымызға тың серпін берді. Мемлекет басшысының еңбекқанын көтеру, әсіресе мәдениет саласында қызмет ететін жас мамандарды жеңілдігі бар тұрғын үймен қамтуға қатысты айтқан ұсынысын біз ерекше ықыласпен қабылдадық. Ол саланың беделін биіктетіп ғана қоймай, кадр тапшылығын азайтуға септесуде. Биыл мәдениет саласының 12 маманы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша біржолғы жәрдемақыға қол жеткізді. 25 маман тұрғын үймен қамтылды. «Жастар жырылайды» атты республикалық ақындыр айтқышы бигилығы жылдың ауқымды мәдени шараларының бірі ретінде атауға болады. Бұдан бөлек, «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында облыстық филармонияның камералық оркестрі түркітілдес елдердің қатысуымен Босния-Герцеговина мемлекетінде өткен классикалық камералық оркестрлер фестивалінде, «Ақменің» фольклорлық ансамблі Мәскеудің Кремль сарайында жоғары деңгейде өнер көрсетті. Оның құрамында жасы 35-ке дейінгі жастар бар, – деді М.Әбуова.

– Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарла-

малар басқармасының мәліметі бойынша, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында биыл «Бастау-Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 835 жас жолданып, сертификат алған. «Жас Кәсіпкер» жобасы аясында кәсіпкерлікке баулу бойынша 1100 жас оқуды аяқтаған. Бағдарламаның екінші бағыты – жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша жалпы 1935 жас кәсіпкерлік негіздеріне оқытылған. Оның 1337-сі мемлекеттік грантка ие болған. Арнайы оқу курсынан өтіп, алайда грант иелене алмаған 598 жас не істейді? Сонымен қатар, бағдарламаның екінші бағыты жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 1 қарашаға дейін облыс тұрғындарының 1758-не мемлекеттік грант берілген. Оның 1077-сі жастар. Бюджеттен 492 млн теңгеге мемлекеттік грант алған жастар жобаларының нәтижесі аймақ жастары көрсеткішінің, оның ішінде жастар жұмыссыздығының өзгеруіне қашан әсер етеді? Here NEET санаты мен жастар жұмыссыздығы көрсеткіші өте төмен? Бағдарлама әкімінің ретінде бақылау жасау қалай жүзеге асуда? Кәсіпкерлер палатасының үйлестіруімен жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар арқылы 2400 жас кәсіпкерлік бастамаға үйрену бойынша оқудан өткен. Сертификаттары алғандар кәсіпкерлік өздерінің қорғайды. Бұл жобалардың өз деңгейінде жүзеге асуына кәсіпкерлер палатасы арқылы да мониторинг жұмысын күшейту керек. Сондықтан, жастардың кәсіпкерлік жобаларына сараптама жүргізуді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп 2020 жылғы қаңтар, ақпан айларында барлық деңгейдегі Жастар ресурстық орталығы мамандарының біліктілігін зерделеу үшін арнайы аттестация өткізіп, нәтижесін 1 наурызға дейін баяндауды тапсырды.

ГАЗДАНДЫРУ

Тағы бір елді мекен «көгілдір отынға» қосылды

Аймақ тұрғындарын газ және газбен жабдықтау нарығында өзіндік орны бар «ҚазТрансГАЗ Аймақ» АҚ тағы бір маңызды кадам жасады.

Осы сәрсенбіде Қызылорда қаласы іргесіндегі Қарауылтөбе ауылын газдандыру жұмыстарын аяқтады. Елді мекенге салтанатты түрде «көгілдір отын» жіберілді. Осылайша, Қызылорда қаласын газдандыру көрсеткіші 95 процентті құрады.

Нақты кезеңде ауылдық округте үш мыңға жуық тұрғын бар. «ҚазТрансГАЗ Аймақ» акционерлік қоғамының инвестициялық жобасы аясында мұндағы 300 үй мерзімінен бұрын «көгілдір отынға» қосылып отыр. Айта кетейік, Қарауылтөбе ауылдық округін табиғи газға қосу желтоқсан айында бітеді деп жоспарланған еді. Тұрғындардың қуанышына қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев та ортақтасты. Ауыл халқының тұрмыс сапасын арттыруға септігін тигізген жобаның сәтті жүзеге асуымен құттықтады.



– Бұл – мемлекет тарапынан халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған ауқымды жобалардың жемісі. Жыл сайынғы халық алдындағы

есепті кезлесуде көтеріліп жүрген ең өткір мәселенің бірі елді мекенге «көгілдір отын» тарту болатын. Тіпті жұмыстар жасалды. Міне,

соның нәтижесінде мақсатымызға қол жеткізіп, табиғи газды салтанатты түрде қосқалы тұрмыс. Осы жобаны жүзеге асыруға атсалысқан сала мамандарына алғысөздерімізді айтамыз, – деді қала басшысы.

Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық және инженерлік инфрақұрылымын дамыту осылайша кезең-кезеңімен шешімін табуда. Бүгінде қалаға қарасты 2 кент және 7 ауылдық округ бар. Нақты кезеңде осы 7 ауылдық округтің 3-еуі мен 2 кент толықтай газбен қамтылып отыр. Атап айтқанда, Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылдық округі 2015 жылы, Талсуат ауылдық округі 2016 жылы табиғи газбен қамтылды. Ал Белкөл кенті осында екі жыл бұрын «көгілдір отынға» қосылғаны есімізде. Аталған жобаларды жүзеге асыруға 3 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалған.

Ендігі кезекте Абай, Досан ауылдары тұр. Ал келер жылының соңына дейін Ақсуат ауылдық округі табиғи газға қосылады деп күтілуде.

«СБ» ақпарат.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында тұрғындардың денсаулығын жақсарту мәселесіне айрықша назар аударылды. Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырылды. Әсіресе, ана мен сәби өлім-жігімін төмендету мақсатында нақты міндеттер жүктелгені белгілі. Расында ұлт болашағы дені сау ұрпақпен байланысты. Олай болса, келешегіміз саналатын сол жеткіншектерге көңіл бөліп, қамқорлық көрсету басты міндет. Бұл орайда елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде де ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінде облыс орталығында балалар саулығын сақтауға қызмет ететін медициналық мекемелер баршылық. Солардың бірі – облыстық балалар ауруханасы. «Баланың табанына кірген тікен менің маңдайыма қаласын» дейтін әрбір ата-ана үшін бауыр еті – баласының аман-есен ер жетіп, азамат болғанынан артық бақыт жоқ. Алайда, өмір болған соң небір жағдайлар кезігіп жатады. Әсіресе, баласы ауру азабын арқаласа, ет-жүрегі езілетін ата-ана жай-күйі бәрімізге белгілі. Осындайда бірінші Алладан, екінші ақ желеңдерден жәрдем тілейміз. Облыстық балалар ауруханасын қаншама сырқат жеткіншектердің жанына сая, дертіне шипа дарытып, талай сәбиді ажал аузынан алып қалған құт мекен дерсіз.

Айнұр БАТТАЛОВА.



бас дәрігердің алға қойған басты мақсаты.

Білікті мамандардың нәтижелі жұмысы

Маман демекші, ауруханада барлығы 86 дәрігер, 308 орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. Мамандармен қамтылу көрсеткіші 81,4 процентті құрайды. Уақыт бір орнында тұрмайды. Онымен бірге әлемдік медицина да үздіксіз дамып келеді. Күн сайын түрлі аурулар бойынша емдеудің тың тәсілдері, небір озық технологиялар шығуда. Олардың тілін табу білікті маманның ғана қолынан келмек. Бұл, әрине, ақ халаттылардан үздіксіз ізденіс, терең білім талап етеді. Осыны ескерген мекеме басшысы дәрігерлер білімін жетілдіруге аса көңіл бөліп келеді. Нақтырақ айтқанда, ауруханада мамандардың білімін жетілдіру мен біліктілігін көтеру жолға

жоғары дәрежелі дәрігер З.Мырзахметова, реанимация бөлімшесінің меңгерушісі, 22 жылдық тәжірибесі бар маман А.Ағымбаева, пульмонология бөлімшесінің меңгерушісі, 18 жылға жуық осы салада қызмет істеп жүрген дәрігер А.Абылаева, 10 жылға жуық еңбек өтілі бар нейрхирургия және травматология ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі О. Құрбанбаев сынды көптеген қызметкерлер жас әріптестеріне үлгі.

Жылдам әрі ыңғайлы

Аурухананы цифрландыруға байланысты бірқатар жұмыстар атқарылууда. Мәселен, жедел жәрдем бригадасының келе жатқанын алдын ала біліп отыру мақсатында қабылдау бөлімшесіне арнайы «Көмек» бағдарламасы орнатылды. Сонымен бірге қабылдау бөлімшесінде тіркеу посттары, жедел көмек көрсететін реанимациялық зал, науқастарды бақылауға арналған пост, нәрестелерге арналған арнайы бөлме ашылып, іріктеу жолақтарымен қамтамасыз етілген. Триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу нәтижелері ескерілген функционалды сығрытқылары бар универсалды қарау кабинеттері іске қосылған. Оған қоса аурухана ішінде жедел көмекті ұйымдастыруға арналған «SOS» бағдарламасы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта «КМИС» бағдарламасы бойынша деректер базасы статистикалық кабинет пен жергілікті жүйеге қосылған. Бұл стационарлық науқастың медициналық картасын, зерттеулер, талдаулар және басқа да ем-шаралар жүргізуге қолайлы. Сонымен бірге телемедицинаның мол мүмкіндігінің нәтижесінде аудандардағы науқастарға кеңес беру жолға қойылған.

Аурухана тәжірибесі таратуға тұрарлық

Осындай тынымсыз тірліктің нәтижесінде балалар ауруханасы көптеген тың тәсілдерді енгізіп, емдеудің жаңаша әдістерін қолдана бастады. Атап айтқанда, балалар хирургиясын жетілдіру мақсатында жанадан ота түрлері жасалуда. Мәселен, алғаш рет нәрестеге диафрагмалды грыжға ота жасалса, бүйрек кисталарын лапароскопиялық жолмен емдеу енгізілді. Сонымен бірге кіндік жыланқөздеріне лапароскопиялық ота жасау, оңешті жіп бойымен буждау, эндоскопиялық аденоидэктомиа, жалғамалар транспозициясы да – қолға алынған тың тәсілдер. Осындай үздіксіз ізденіс, талмай атқарылған еңбек аурухана ұжымын облыс ғана емес, республика көлемінде де абырой биігінен көрсетіп келеді. Айта кету керек, жақында ғана «Nur Otan» партиясы жанындағы балалар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі республикалық кеңес тобы өңірімізде болып, аймақта балалар құқығын қорғалуына сараптама жұмыстарын жүргізу барысында облыстық балалар ауруханасының жұмысына жоғары баға беріп, мұндағы озық үлгілерді республикадағы өзге мекемелерге тарату жөніндегі ойларын айтқан болатын. Бұл – бір ғана мысал. Аурухананың ауыз толтырып айтарлық жетістіктері баршылық. Бұл ұжымның тынымсыз еңбегі, үздіксіз ізденісінің бірден-бір нәтижесі екені сөзсіз. Ал осы жетістіктерге жетуде жұмыс барысын қиындан қиыстырып ұйымдастыра білген, оған қоса ұжымды осы істерге жұдырықтай жұмылдырып отырған бас дәрігердің өлшеусіз еңбегі жатқанын айтпай кетуге болмас.

Зоя Рахатқызы 2017 жылы осы ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалғанға дейін көп жылдар балалар дәрігері, облыстық денсаулық сақтау басқармасында ана мен бала бөлімінің бас маманы, облыстық мамандандырылған сәбилер үшін бас дәрігері болып қызмет атқарған. Озінің іскерлігінің, еңбекқорлығының, ізденімпаздығының арқасында әріптестері арасында бедел биігінен көрініп келеді. Қызметте жоғары санатты дәрігер, «Денсаулық сақтау саласының үздігі» болса, отбасында аяулы жар, үш бала тәрбиелеп отырған ардақты ана.

Баланың есен-саулығы – ерен бақыт



Мамандандырылған көмектің маңызы

Елбасының «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында 2016 жылы ашылған аурухана 335 төсек орынға арналған және бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру диагностикалық емханасы жұмыс істейді. Көпбейінді болғандықтан мұнда науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Заманауи медициналық мекемеде соматикалық аурулармен бірге балалар хирургиясы, жансақтау бөлімі мен ота жасау бөлімдерін ашуға мүмкіндік жасалды. Атап айтқанда, ауруханада 11 клиникалық бөлімшемен қоса қосалқы бөлімшелер де бар. Мәселен, педиатрия, неврология-реабилитация, пульмонология, нәрестелер бөлімшесі, неонаталды хирургия, нейрхирургия, травматология, хирургия, реанимация және мейіргерлік бөлімшелері

негізге ала отырып, былтырдан бастап тұзды шахтаны іске қостық. Оған жергілікті бюджеттен арнайы қаржы бөлінді, – дейді бас дәрігер. Сонымен бірге ауруханада «Қант диабеті», «Бронхиалды астма», «Гемофилия» және «Эпилепсия» мектептері ашылып, онда ата-аналарға аурудың алдын алу, сырқат балаларға еміне қарай талдау жасау жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Бұл жұмыстардың барлығы сырқат сабилерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған.

Шала туған бала бақылауда болады

Катамнестикалық бақылау кабинеті де – сондай ігі мақсаттан туындаған шараның бірі. Бұл кабинет 2017 жылы ашылды. Онда педиатр, неонатолог, невропатолог, кардиолог, офтальмолог, хирург

талабына сай емдеудің тың әдіс-тәсілдерін, медицинадағы жаңашылдықтарды енгізумен материалдық-техникалық базаның талапқа сай болуы басты назарда. Биылғы 5 айдың қорытындысы бойынша аурухананы медициналық құрал-саймандармен және бұйымдармен жаратқандыру 90,08 процентті құрады. Емдеу орны УДЗ, ЭКГ, МРТ, КТ аппараттарымен бірге коагуляпатиялық тексеру жүргізуге қажетті реагенттермен қамтамасыз етілген. Оған қоса клиникалық диагностикалық зертханана жаңадан «Mipicar» анализаторы емделушілерге қызмет көрсетуде. Бұл құрылғы күрделі аурулардың диагнозын анықтауға мүмкіндік береді. – Облыста гемофилия ауруымен 23 бала есепте тұрады. Олар жылына екі рет Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларына барып гемостаздық факторларын ACL ELITE PRO коагулометрінде зерттеу жасатын отыратын. Қазір бұл зерттеуді өзіміздің

көйылған. Мәселен, биылғы тоғыз айдың өзінде 32 дәрігер республикалық орталықтар мен шетелдерде білімін жетілдірген. Оның ішінде 7 қызметкер Астана, Алматы қалаларында қайта даярлаудан өтсе, 24-і білімін жетілдіру курсына оқып қайтқан. Ал 2 дәрігер Мәскеу қаласында оқып келген. 82 мейірібіке білім жетілдіру курстарынан өткен. Былтырдың өзінде екі маман Корея мемлекетінде кәсіби біліктілігін арттырған. Сондай-ақ, дәрігерлер біліктілігін арттыруда Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан мамандар шақырып түрлі семинарлар өткізу дәстүрге айналған. Мәселен, аурухана жанынан «Балалық шақ ауруларын ықпалдастыра емдеу» оқу орталығы ашылып, онда күні бүгінге дейін 2280 медицина қызметкері білімін байытқан. Орталық жұмысымен танысу мақсатында былтыр Өзбекстан, Қырғызстан



келушілерге көмек көрсетеді. Бас дәрігер Зоя Көшенованың басшылығымен медициналық көмек сапасын жақсарту бағытында түрлі шаралар қабылданып, жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, ауыр сырқаты бар науқастарға сапалы көмек көрсетуде көптеген тірлік істелуде. Мәселен, неврология бөлімінен 25 төсектік оңалту (паллиативті) бөлімі ашылып, мүмкіндігі шектеулі балаларға, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан сырқаттар емделуіне қолайлы жағдайлар жасалды. Ол жерде науқастар консервативтік емнен бөлек, физиотерапиялық ем алады. Сонымен бірге бассейні іске қосылып, су процедураларын қабылдауға мүмкіндік жасалды. Оған қоса тұзды шахта жұмыс істелуде.

сеکیلді бірқатар мамандар мерзімінен бұрын туған салмағы аз нәрестелерге мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді. Мұнда шала туған нәрестелер туралы мәлімет жинақталады. Мәлімет облыстық перинаталды орталықтан алынады. Қалалық және аудандық емханаларға хабарланып, шақыртылады. Бас дәрігердің айтуынша, бұл шараның шала туған нәрестелерге шұғыл әрі жан-жақты көмек көрсетуде, балалар өлім-жігімін азайтуда маңызы зор болып отыр. Биылғы 9 айда облыста 556 нәресте шала туса, соның 381-і осы кабинеттен өткен.

зертханана жасауға мүмкіндік туды, – дейді бас дәрігер. Осының нәтижесінде аурухана республикада алғашқылардың бірі болып гемофилия ауруымен ауыратындардың 8-9 факторын анықтау тәсілін енгізді. Оған қоса биылғы жылдың тамызы айынан бастап Finesce анализаторында Д дәруменін анықтау жолға қойылды. Аталған сарапта-малардың барлығы облыс көлемінде тек балалар ауруханасының зертханасында жасалуда. Десе де, әлі де бірқатар құрылғылардың қажеттігі байқалады. Атап айтқанда, доплерография, УДЗ, эхоофтальмоскоп, лазерлі офтальмологиялық, амплипульстерапия аппараттары керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей, орталықта бала саулығын сақтауға қажетті заманауи құрал-жабдықтар баршылық. Олармен жұмыс жасайтын мамандарды уақытылы даярлау –

және Абхазия елдерінен мамандар келіп, ЮНИСЕФ-тің ұйымдастыруымен «Патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті моделін енгізу» бойынша тренинг өткізілген. Ал Биыл Украина, Өзбекстан, Иран елдерінің медицина мекемелерінің басшылары келіп, тәжірибе алмасқан.

Алғыс арқалаған аққалаттылар

Ауруханада көп жылдар еңбек етіп, өзінің адал қызметімен, біліктілігімен көптің алғысын арқалаған, бүгінде жастарға ақыл-кеңесін беріп, тәжірибесімен бөлісіп жүрген мамандар – мекеме мақтанышы. Сондай ақ халаттылар қатары көп мұнда. Атап айтсақ, 35 жылдық еңбек өтілі бар жоғары дәрежелі дәрігер А.Мұсафирова, 24 жылдық тәжірибесі бар маман А.Оразбаева, 22 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан

Сапалы зерттеулер өзімізде жасалады

Науқастарға сапалы көмек көрсетуде заманауи құрал-жабдықтардың маңызы зор екені белгілі. Ауруханада уақыт

Табиғатты алдырмай сұр ажалға,

Таресс... Қос ауыздың ұңғысынан көк түтін бүрк еткен. Ақшабай атқан оқтың далаға кетпесін білетінмін. Бірақ, бұл жолы қате тиген сияқты. Қырғауылдың қоразына оқ дарымады. Сіра, бытыра әлсіреп барған болуы керек. Қораз қалбақтай ұшып, қалың шенгел арасына жаралы күйде қойып кетті. Мен құмарлықпен іздемекші едім, өзі тоқтатты.

- Бәрібір таппайсың. Ол жаралы болғанмен, қалың ішінде, жықпыл-жықпыл арасында біразға дейін жорғалайды. Өзі әлсіреп, құлағанша...
- Арам өлетін болды-ау. Енді не істейміз.
- Жүре берейік. Биыл құс көп. Сол қырғауылсыз-ақ, бірдене естерміз.
- Обал болды ғой. Далбасалап тағы бірдене айттым.
- Ей, сенің де аяқ астынан жанашырлығың ұстап қалады екен. Жүр енді.

Тарыдай жанары жыпылықтап, қинала жан тапсырған бұта түбіндегі қызғылт қанат қырғауылдың елесі біразға дейін көз алдыма тұрып алды...

Ержан ҚОЖАС.

Шынымен, құс атып жүрген құрдасымының ұшқан күйі жалп етіп алдына түспеген олжасын, әлгіндей жаралы күйде, оқ әлсіз тиген құсты я қоянды «арам өлмесін», «обал қылмайын» деп сабылып іздегенін көрмеппін. Атады, атады, қолға түскені бұйырып, көбіне-көп осылай жаралы күйде далада қалады. Жалғыз Ақшабай ғана емес, көп «аңшының» кәсібі осы. Обал-ақ.

38 аңшылық алқап бар

Біздің облыстың жалпы жер көлемі 24130 гектарды құраса, оның ішінде 2000 гектар шамасында елді мекендер отыр. «Ал қалған аймақтағы 22 130 гектар жер табиғи орта болғандықтан, өз заңдылықтарына сәйкес қорғалып, ұдайы бақылауда ұсталады ма?» деген сұрақ бірінші туындайды.

Иә, қорғалады. Тым қатан бақылауда болмаса да, мұндай аумаққа кірудің өзіндік тәртібі бар. Енді қараңызшы. Бізде 8805 мың гектарды құрайтын 38 аңшылық алқап орналасқан. Оның ішінде 33 аңшылық алқап конкурстық негізде табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген.

Мұнан басқа, облыста жалпы көлемі 160,8 мың гектар жерді құрайтын, ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты, «Барсакемес» мемлекеттік табиғи қорығы мен аумағы 31,2 мың гектар «Тораңғылсай» және «Қарғалы» мемлекеттік табиғи қорықтары бар.

Барсакемес – Туран шөлінің солтүстік және орташа экожүйелерін қорғайтын Еуразиядағы бірден-бір қорық екені белгілі. Биыл санақ бойынша 585 бас түркімен құлан, 125 бас ақбөкен мен 135 бас қарақұйрық бар екені анықталған. Былтырғымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 10-15 процентке артқан.

Айтпақшы, Барсакемес мемлекеттік табиғи қорығының аумағында «Бутаков мүйісі» туристік маршруты ұйымдастырылған. Қорық маңында орналасқан мазарлар мен көне қала үйінділері және «Кердері-1», «Кердері-2» қазба жұмыстары сырттан келушілерге ерекше қызығушылық туды-



Суреттерді түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ.

дейді мамандар.

Айта кетейік, жалпы біздің аймақтың экологиялық және аңшылық туризмді дамытуға мүмкіндігі бар. Аңшылық туризмді экономикалық пайданы ұлғайту үшін кәсіби негізде іске асыру да болады.

Айтпақшы, Барсакемес мемлекеттік табиғи қорығының аумағында «Бутаков мүйісі» туристік маршруты ұйымдастырылған. Қорық маңында орналасқан мазарлар мен көне қала үйінділері және «Кердері-1», «Кердері-2» қазба жұмыстары сырттан келушілерге ерекше қызығушылық туды-

ратыны анық. Бізге белгілісі, осындағы «Қасқақұлан» учаскесінде жаңадан «Құлан ізімен» атты экологиялық маршрут бекітілген.

Нарсойғанға барғанда...

Жергілікті жұрт «таблетка» деп атайтын желісін УАЗ көлігімен қала сыртындағы жолға түскенбіз. Жай шоқытып келеміз. Бағытымыз «Нарсойған» аңшылық шаруашылығы алқабы. Шекарасы Жанакорғанға қарай жолдағы «Бірақан» бекетінен басталатын аңшылық алқаптың бір күнгі жұмысымен таныспаққа фототілші Нұрболат екеміз әлдеқашан жоспар құрғанбыз. Жанымыздағы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы Әбусәгіт Сұлтанов, Болатбек Бадырақов, Талапбек Жалғасбек, Нұрлан Абдулдаев, шаруашылықтағы аңшылық ісін жүргізуші Ералы Әбукасымов та бар.

Қорықшылардың негізгі міндеті – рұқсатсыз аң-құс, балық аулаушылардың жолын кесу, аң-құстың қауіпсіздігі мен көбеюіне үлес қосу. Олар рұқсат берілмей жатып немесе арнайы лицензиясы жоқ аңшылар табиғатқа зиян келтірген жағдайда, заң аясында белгіленген айыппұл салуға да құқылы. Тіпті, бағынбаған не оқыс оқиға болған жағдайда атыс құралын да қолдана алады.

Сапар барысында дария жиегіне үрмелі қайықпен қытай ауын салған азамат ұсталды. Рұқсат қағазы жоқ әрі тыйым салынған аулау құралын пайдаланған балықшыға 5 айлық есептік көрсеткішке тең айыппұл жазылды.

– Қармақпен 5 келіге дейін аулауға рұқсат бар. Ал аудың үлкен көзі 10 см болса ғана шектік мерзімде ауланады. Ал

4-5 см көзді аулармен аулауға тыйым салынған. Әсіресе, Қытай ауларын пайдалану, электр ток құралдарымен аулау қатаң жазаға тартылады, – дейді С.Алдонғаров.

Қорықшылардың еңбегі көзге көріне бермейді. Аптапал жол үстінде жүреді, із кеседі, дария жағалап, ниеті бұзық браконьердің жолына тосқауыл қояды. Кәдімгі үйдегі төрт түлгіңізді қалай бағып, қалай қарауылдайсыз, бұл мамандық иелері де табиғат байлығына осылай қарайды.

Қырғауылды қолдан баққан

«Нарсойған» аңшылық шаруашылығының жер көлемі едәуір. Барлығын бірдей аралап шығуға бір күн жетпес. Жолы қырғауыл көп кездесті. Ара-тұра шибөрі қашады. Бір түлкі құйрығын бұлаң еткізе қамыс арасын тасалады. Көкте бір топ аққу жылы аймаққа тартып барады. Бұны да фототілші Нұрболат таспаға басып үлгерді.

– Бізге қарасты «Сырдария» шаруашылығында үлкен скважиналар бар. Соған 200-ден астам қырғауыл жібердік. Оны Павлодардағы арнайы қырғауыл өсіретін шаруашылықпен келісім-шарт жасасып, құжаттарын дайындап, алдырғанбыз. Сол алқаптағы Локылдақ, Көпқұдық, Төлебай скважиналарындағы қалыңға жібердік. Бүгінде олар жерсініп, жетіліп кетті, – дейді аға қорықшы Ә.Сұлтанов.

Сондай-ақ, қар қалың жауған қатты суық күндері қорықшылар бұма-бұма шөп, күршіттің майда қалдығын белгіленген жерлерге тастайды. Бұл аң-құсқа кәдімгідей азық.

Қорықшылардың айтуынша, Сыр бойында соңғы кезде «охотниктердің» азаюы байқалады. Оған себеп те жоқ емес. Өйткені, соңғы уақытта инспекторлардың саны артып, әлеуметтік жағдайы жақсарған. Маусымдық киім, ұзақ жолдағы ас-ауқат, жарамды көлік, далаға арналған төсек-жабық пен ар-

найы қорғаныс құралдары бар қорықшыдан кім-кімнің де аяқ тартары анық қой.

Киіктің киесін ұқпай жүргендер көп

Жануар біткеннің сұлусы – ақбөкеннің төлдеуі, көбеюі кезінен бөлек, көшіп қонуы, өріс ауыстыру уақытында арнайы шаралар жүргізіледі. Биыл мамыр айында қуырлы органдардан жұмысшы топ құрылып, ақбөкеннің төлдеуі бақыланып, шоғырланған орындарындағы топырақ, ауа және судан биологиялық сынамалар алынды.

– Инспекцияның жергілікті атқарушы органдардың, табиғат және құқық қорғау мекемелері бекіткен іс-шара жоспарына сәйкес, облыс көлемінде табиғат заңдылықтарын қорғау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Рейд барысында, жыл басынан бері жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдаланудың 480 заң бұзушылығы тіркеліп, хаттама толтырылған. Оның ішінде аң аулау қағидаларын бұзу бойынша 71 әкімшілік іс, балық аулау қағидаларын бұзу бойынша 397, әкімшілік іс және орман пайдалану тәртібін бұзу бойынша 12 әкімшілік іс қозғалған. 480 әкімшілік істің 91-і тиісті шешім қабылдау үшін сот органдарына жолданды, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы Олжабек Холдов.

Жыл басынан табиғат заңдылығын бұзғаны үшін 377 адамға 4,1 млн теңге айыппұл салынып, оның 89%-і, табиғатқа келтірілген залалы үшін салынған 2,2 млн теңге айыппұлдың 75%-і өндірілді. Ал қылмыстық іс қозғалғандар ше? Бүгінге дейін облыс көлемінде жануарға қатысты 20 қылмыстық іс анықталған. Оның үшеуі қоян аулауға, 11 іс балық аулау, 1-і қарақұйрыққа қатысты, 1 киік мүйізіне, 3 қылмыстық іс белгісіз аң мен

етке және біреуі сұңқар құсын қорықшыдан кім-кімнің де аяқ тартары анық қой.

Былтыр облыс бойынша жануарлар дүниесіне қатысты 27 қылмыстық іс анықталған. Оның 12-сі 64 бас ақбөкен, 4-і 11 бас қарақұйрық, 7-і 45 бас қоян, 4 балық аулауға қатысты қылмыстық іс. Салыстырғанда, былтыр киікқұмарлардың белсенді болғанын осы цифрлардан-ақ байқайсыз.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы қызметкерлері заңсыз киік аулаушылармен күресті жүйелі түрде жүргізіп отыр. Киік аулаушылар оның мүйізін кесіп алып өткізгенімен қоймай, мемлекеттік инспекторлардың заңды талаптарына бағынбай, өмірлеріне қауіп төндіретінін соңғы кездегі оқиғалардан-ақ ұға берініз.

Айта кететін бір жайт, қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, заңсыз аңшылықпен айналысқандарды ҚР Қылмыстық кодексінің 337 және 339 баптарына сәйкес белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейін айыра алады. Тіпті, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тартылып, үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Біле жүріңіз, Үкімет қаулысымен ғылыми максаттарда пайдаланудан басқа қазақ елінің бүкіл аумағында киікті, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2020 жылға дейін тыйым салынған.

Айыппұл жайлы айтсақ...

Айналадағы жорғалаған аң мен ұшқан құс мемлекеттің мүлкі екені белгілі. Заңсыз аттыңыз ба, зиян келтіргеніңіз үшін айыппұл арқалайсыз, тіпті, одан көп мөлшерде залал келтірсеңіз, түрмеге түсу жағы да қарастырылған. Мысал келтірсек.



Қорықшы жүр ну тоғай, құба жонда...

1 бас қоян үшін 5 АЕК, яғни 18937,5 теңге, 1 бас ақбөкен аяғының серкесі үшін 500 АЕК, яғни, бір бас ақбөкен 5 млн 411 мың 250 теңге, ал аналығы мен төліне 350 АЕК немесе 3 млн 397 мың 875 теңге айыппұл салынады. Осындай қаржыны мемлекет қоржынына шытырлатып санап бересіз. Сондай-ақ, 1 келі сазан балығы 3282,5 теңгені құраса, 1 түйір қаз балығы үшін 2 272 500 теңге айыппұл арқалайсыз.

Мұнан бөлек, сотты болған азаматтан қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы, көлік құралдары, айналымнан алынған мүліктердің барлығы тәркіленеді. Осындай заң талаптарын кейбір құқық бұзушылар «білмегендіктен жасадым» деп ақталатыны рас. Алайда, заңды білмеу жауапкершіліктен қосатпайды.

Аңды аңдап атыңыз

«Кеттік охотаға» дейтін белгіленген уақыт бар. Жыл он екі ай мылтық асынып, ау құрып жүре беруге әсте болмайды. Заң бар. Талаптар ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңында және ҚР АШМ бұйрығымен бекітілген «Аң аулау қағидаларында» толық көрсетілген.

Жалпы біз білетін аң аулаудың екі түрі бар. Олар – кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық). Әуесқойлықтың ішіне саятшылық та кіреді. Әуелі камелеттік жасқа толысымен, аңшы мылтығын қолдана білсеңіз, сонымен бірге арнайы рұқсат куәлігіңіз болса, онда құба-құл. Айтпақшы, заңда көрсетілгендей, аң аулауда иттер мен бүркіт, сұңқар, т.б. жыртқыш құстарды баулып пайдала асыра алсаң, он төрт жастан бастап оған да рұқсат бар.

Жақсы, мұның бәрі дайын дейік. Бірақ, табиғат берген дүниені бей-берекет пайдалануға болмайтын ұмытпаған абзал. Оған да арнайы жолдама сатып аласыз. Оны жоғарыда айтып кеткен, аңшылық алқаптың иелерінен белгілі бағада сатып алатыныңыз анық.

Штеділдер үшін біздің аумақта аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субьектісімен жасасқан арнайы шарт негізінде жүзеге асатынға ұқсайды. Шартқа көз жүгіртсек, аң аулауды ұйымдастыруға, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, жолдама алу, сондай-ақ ішкі істер органдарын қатыстыра отырып, аңшылық қару мен оның оғын республика аумағына әкелуге және әкелуге берген шешім-қорытынды негізінде іске асады. Сонымен бірге, саятшылық уақытында аңшылық алқаптарды тұрмыстық қалдықтармен, заттармен ластану сияқты қағидалар сақталуы тиіс.

Басты нәрсеге тоқталсақ. Біз айтып отырған заң шеңберінде көңіліңіз соққан қасқыр не қоянды бара салып бірден жайратпа салуға бола ма? Жо-жоқ, мұның да сұрауы бар. Мысалы, су тышқанның (ондатра) терісі қажет болып, оқ-саймандың дайындағандармен, қазан айы тумай, сіз бен бізге оны атуға мүлде болмайды. Қазан тұсымен ақпанның бел ортасына дейін белгілі шекті мерзімде атыңыз. Көдімгі тиін де сондай. 20 қазаннан бастап қана көздей аласыз. Әлгі сілеусін, мәлің, күзен, түлкі, қарсақ, қоян сияқтылардың ізіне қараша айы басталысымен түссеніз болады. Суырды ішле айынан олар ұйқыға кеткенше аулап тұруға болады екен.

Бізге көбіне қырғауылды көздейміз. Теңіз жақ беттегілер су құстарына құмар. Қазан айының ортасында қырғауыл



сорпасына аңсары ауатындар кірісе бастайды. Бұл құсқа жыл аяғына дейін ғана рұқсат етілген. Ал бөдене, кептерді 20 тамыздан бастап, су құстарын (қаз, үйрек, қасқалдақ) және дала құстарын (аққұр, шіл) қыркүйектің алғашқы сенбісінен 15 қарашаға дейін, онтүстік аудандарда 15 желтоқсанға дейін аулауға болады деп көрсетілген.

Сыр бойында аю аулайтын ешкім жоқ екені белгілі, сонда да маймақты аулаудың мерзімін біле жүріңіз. Қыркүйек тұысымен алғашқы демалыста ең жақсы аңшы мылтығымен 30 қарашаға дейін аюды аңдауға болады. Әрі қарай ол қалың ұйқыға кетеді. Маймақтың мазасын алмау заңда осылай белгіленген.

Борсықты қыркүйек тұысымен Жаңа жылға дейін аулайсыз. Айтпақшы, көбісі байғұс борсықты майының емдік пайдасына бола атауының біле жүріңіз. Сырда қабан көп. «Жалғыз оқты» дайындап, қалың қамыс ішінде бүлкетей жүрген семіз хайуанға құмарлар жетерлік. Мұны да борсық тәртізді жыл соңына дейін аулайсыз.

Көктемде мылтық көздемеңіз

Бір қуанарлығы, Зоология институты мен Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы тараптарынан биологиялық негіздеме жасалауы, ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, көктемгі аңшылыққа республика аумағында тыйым салынған.

Облыстық инспекция ұсынған мәліметке сүйенсек, осының нәтижесінде аймақта аулауға жататын құстардың өсімі байқалған. Былтыр аймақтағы жануарлар дүниесін есепке алу жұмыстарының нәтижесінде үй-

рек 261 238, қасқалдақ 312493, қаз 58 688 басты құраған. Ал 2017 жылы 255 079 үйрек, 286889 қасқалдақ және 58 664 бас қаз Сыр өңірінде ұшып-қонғанға ұқсайды, яғни, 2017 жылмен салыстырғанда су құстарының саны орташа есеппен 6 процентке көбейген.

Балық та – байлық

Балықтың бал татыған сорпасын татып көргендер өзен жағалаудан әсте жалықпайды. Ал енді оны қаптап сатып, қаржысына дәннен жаман. Қытайдың арзан торын теңіз не дариғаға тастап, шағын көл-шікте тоқпен ұрып алатын қасқойлердің бүгінде қарасы қалың.

Сонымен облысты кесіп өтетін жалғыз өзеннен бөлек, 371,5 мың гектар болатын Арал теңізіндегі балық түрлерінің өсімі қалай? Мұнан басқа 207 су айдыны бар облыстағы осындай балық түрін сақтау мен қорғау жұмыстары қалай жүргізіледі? – Елбасының өз уақытында қабылдаған шешімі Кіші Арал теңізін сақтап қалуға мүмкіндік берді. САРАТС жобасының 1-ші кезеңінің жүзеге асырылуының нәтижесінде Солтүстік Арал теңізі суының тұздылығы төмендеп, теңіз көлемі сәл де болса ұлғайды. Балық түрі 22-ге көбейді, оның ішінде республика Қызыл кітабына енген Арал қазы да бар.

Бүгінгі күні Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі толықтай және 180 көл конкурстық негізде 5-10 жылға дейін кәсіпкерлерге бекітіліп берілді. Қазіргі уақытта 27 көл резервте тұр.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен биыл облысқа 7492 тонна балық аулау лимиті бекітілсе, оның 6678 тоннасы Кіші Аралдың үлесінде. Жыл басынан бері облыс аумағынан 4800 тонна балық ауланды. Оған рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызметтің 100 проценті электронды түрде, Үкімет порталы арқылы көрсетілуде, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Жалғас Ахметов.

Аймақта жылдық қуат-

тылығы 12,5 мың тоннаны құрайтын 9 зауыт жұмыс жасайды. Құрылысы енді басталған Арал қаласындағы «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС жыл соңына дейін іске қосылады деген болжам бар. Жоғарыда айтырып кеткен 9 зауыттың жұмысы нәтижесінде балық өңдеу өткен жылмен салыстырғанда 4 процентке артып, балық өнімдерінің 13 түрі шығып жатыр.

Балық көзі болған балықтың сырт елге экспортталу жағы тым тәуір. Жалпы есебі 500-дей адам жұмыс істейтін балық кәсіпорындары биыл 3071 тонна өнімін Ресей, Голландия, Грузия, Украина, Қытай, Германия, Литва елдеріне шығарған. Ал тауарлы балық өсіруде (аквакультура) жеті аудан мен қаладағы 9 балық өсіру шаруашылығы 136 тонна өнімді нарыққа шығарыпты.

Жылдар бойы мәселе болып келген «Көкарал» бөгеті арқылы Ұлы теңізге есепсіз кетіп жатқан балықтың жолын

тосатын бір мүмкіндік бар. Әу баста балықтың кейінге қарай өрлеуіне қосымша су жүйесі салынбаған бөгеттің аузына балық өткізбейтін қондырғы орнатылады. Басқарма берген мәліметті сөйлесек, Қызылорда облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды Құтқару Корының атқарушы дирекциясы және Герман халықаралық қоғамдық ұйымының (GIZ) арасында Кіші Арал теңізіндегі тым тәуір. Жалпы есебі 500-дей адам жұмыс істейтін балық кәсіпорындары биыл 3071 тонна өнімін Ресей, Голландия, Грузия, Украина, Қытай, Германия, Литва елдеріне шығарған. Ал тауарлы балық өсіруде (аквакультура) жеті аудан мен қаладағы 9 балық өсіру шаруашылығы 136 тонна өнімді нарыққа шығарыпты.

Жылдар бойы мәселе болып келген «Көкарал» бөгеті арқылы Ұлы теңізге есепсіз кетіп жатқан балықтың жолын

іске қосылады деген ақпарат бар. Айтты отырғанымыздай, балық түрлерін сақтау нәтижесінде балық өткізбейтін қондырғы болмағандықтан, жыл сайын күрші алқаптарында қалған шабақтарды құтқару шарасы қосымша жүргізіледі. Мысалы, осы жылы күршілік алқаптар мен бөлектенген каналдарда қалған 8,3 млн шабақ құтқарылып, су тентіз маңайындағы су айдын-

дарына жіберіп отыр. Сонымен қатар, ірі су шаруашылық нысандарында балық өткізбейтін қондырғы болмағандықтан, жыл сайын күрші алқаптарында қалған шабақтарды құтқару шарасы қосымша жүргізіледі. Мысалы, осы жылы күршілік алқаптар мен бөлектенген каналдарда қалған 8,3 млн шабақ құтқарылып, су тентіз маңайындағы су айдын-

СӨЗ СОҢЫ. Аң киесінен қорқу керек. «Кікті ұсырып атыңыз» қазақ бүгінде дүңкіген «Джиппен» құйғыға құйып, қырып салудан тайынбайды. «Аң қызығына түсіп, керексіз қырма, қырыққа шалдығасын» дейтін бұрынғы ақылдың сөзін бүгінгілердің керек етіп тұрғаны шамалы. «Аңды тұрғызып, құсты ұшырып атса ғана обалын Құдай кешіреді» деп ұғатын кәнігі аңшыдан қоры, мылтық асыңғанына мәз болған «мақтаншақ» мерген көбейген. Көзіне қорғиен табиғат жаратылысын есепсіз қырып, сарты даланы қан сасытқан киікшілерден бөлек, дала жыртқышы – қасқырды тікұшақпен аулайтындар да бар. Шынымен де адамнан асқан жыртқыш бар ма екен өзі?! Аң-құстың обалын кім ұғып жүр?!



Тарихты тұлғалар жасайды

Тарихтың өзекті арнасы – жеке тұлға, жиынтығы – халық. Ел есінде, тарих бетінде аты да, қызметі де сақталған, мұрасы бүгінгі ұрпақтың рухани қазынасына айналған қазақ елінің зиялы ғалымдары аз емес. Солардың бірі – батыс өңірінде дүниеге келіп, Алматыда балалық шағы өтіп, Сыр бойында еңбегі сіңген Мәди Кереев. Мәди Құрманұлы 1929 жылы Орал облысының Тайпак ауданында туған. Бұл кезеңде осы өңірде Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер бастаған алашордашыл тұлғалардың ықпалы зор болатын.



Қайыр Тәжіғалиев және т.б. Ол кезінде тарихқа терең ден қойған студенттер көпшілігі, сабаққа ынтасы жоғары болатын. Бір-бірімен таласа оқып, ұйқыға кеткенше күнделікті сабаққа шам жарығымен дайындалатын.

Мәди Құрманұлының немере ағасы Есенгелді Қасболатов та Алаш азаматтарының идеясын қолдаушылардың бірі еді. Кейін Кеңес үкіметі Орал өңіріндегі Алаш азаматтарын жаппай ұстайды. Олармен бірге Есенгелді Қасболатов та ату жазасына кесілді. Бұл оқиғадан кейін «бар байлығым – балаларым» деп отырған Құрман ата кішкентай Мәдиін келешегін ойлап, отбасымен Алматыға көшіп кетеді. Кеңес өкіметінің өзге азаматтары секілді Кереевтер отбасы да тауқыметтің азабын тартты. Үлкен қаладағы үй мәселесі, күнделікті отбасын асырап, жан бағу қиын болды. Құрман ата қара нанның қамы үшін жұмыс істеп, баласы Мәдиді қатарынан қалдырмай оқытып, тәрбиелейді.

1933-1937 жылдары Алматыда Қазақ АКСР халық ағарту комиссариатының Темірбек Жүргенов басқарды. Оның қысқа жұмырында атқарған еңбегі өлшеусіз екенін, кейінгі ұрпақ жақсы біледі. 1920-1937 жылдары Орта Азия мен Қазақстанның саяси өмірінде ерен еңбек етіп, сауатсыздықты жою ісінде, мәдениет және өнер саласында мол мұра қалдырды.

Құрман Т.Жүргеновтің ат арбасы мен машинасының жүргізушісі болған. 1938 жылы Темірбек «халық жауы» болып атылған кезде, Кереевтер әулеті де жазадан әрең аман қалғанын әкесі Мәдиге айтып кеткен екен.

1944 жылы Мәди аға Алматыдағы Жамбыл орта мектебін бітіріп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсті. 1948 жылы Қызылорда педагогикалық институтына ҚазПИ-ден арнайы дайындықтан өткен педагог Орал Токмурын ректор болып тағайындалды. Жана башы жергілікті жердің қалпын әлеуетін көтеру үшін өзімен бірге жас мамандарды да ала келді. Солардың бірі – тарихшы Мәди Кереев болатын. Ұлағатты ұстаз Мәди аға сол уақыттан бастап, 2010 жылға дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 58 жыл қызмет етті. Ғалым ағамыз сол кезеңді «1948 жылы Қызылордаға көшіп келдік, шағын қала екен. Қатты жел соғып тұр, үйлерінің шатырын жел алып кеткен екен деп ойлады. Біздің үй жана базардың жанында орналасты» деп еске түсіріп еді.

Соғыстан кейінгі қиын-қыстауда еңбек жолын бастаған Мәди аға студенттерге өте жақын болды. Өзінің жасы сол кездегі білім алушылармен қатарлас болса да, телгей-теңіз білімін үйретуден жалыққан емес. Бос уақытының бәрін студенттердің жатақханасында өткізетін еді.

Дәріс алған студенттері кейін өмірлік достарына айналды. Атап айтқанда, Нұрділда Уәлиев, Ұзақ Еспанов, Елеу Кошербаев, Дәнеш Мамытбаева, Ишанбек Арынғазиев, Серемет Тұрмағанбетов, Қозыбек Асқаров, Әли Еркебаев, Өтеп Сәрсенбаев, Абжәлел Абдіхалықов, Өмірзақ, Кәрібоз Серікбаевтар, Саурау Жаңақбаев, Қауыш Қазбеков,

Дәріс оқытын лекторлар сөзге шешен, партияның шекпенінен шыққан студенттерден темірдей тәртіпті талап ететін. Олар айына бір рет Ленин, Сталин атындағы арнайы дәрістер оқып тұрды. Осы сабаққа дайындық ерекше болып, дәріскер түнімен әзірленіп келетін. Кейде оған облыстық партия комитетінің нұсқаушылары да қатысатын. Ондай кезде студенттердің зәре-құты қалмай қорқып отыратын еді. Сталиннің темірдей қатты тәртібінің аясында жүріп, жұмыс істеу кімге де болса оңай емес. Дәрістен оқытушылар да, студенттер де психологиялық тұрғыдан қатты шаршап шығатын.

1951-1953 жылдары М.Кереев тарих және әдебиет факультетінің деканы, КСРО тарих кафедрасының меңгерушісі болды. Партияның шақыртуымен 1958-1961 жылдары Қазақстан КП Қызылорда облыстық комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі, облыстық ауыл шаруашылығы ұйымдарының біріккен партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

Балалық шағынан тарихтың тылсым дүниесінің сырын ашуға құштар болып өскен ағамыз 60-шы жылдардың басында Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына қайта қызметке келіп, ғылым жолына түсті. Ғылымда «Тарихты тұлғалар жасайды» деген қанатты сөз бар. Ал жасалған тарихты зерттеп, зерделеп шынайы пайымдар негізінде қоғамдық дамудың үдерістерін түсіндіріп, ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосатын тарихшылар. Осындай қаламы қарымды, ойы озық тұлғаның қатарына тарихшы-ғалым Мәди Кереевті де қосуға болады.

Ол 1970 жылы тынымсыз еңбектің нәтижесінде «Суармалы егін шаруашылығының тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Облыстың қоғамдық жұмысына белсене араласып, лекторлар тобының жетекшісі де болды. Қандай қоғам болса да лектор міндеті өте зор дайындықты, үлкен ізденуді, қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларды дер кезінде қадағалап отыруды талап ететін түсінікті. Сонымен бірге лектор болу үшін тек фактілерді біліп қою жеткіліксіз. Ол үшін шешен тілді, өздігінен тапсау жасай алатын сезімтал, тыңдаушыны баурап алып кететін қабілетті болуы шарт. Уақыт талабына сай партияның идеологиясын насихат-

тай жүріп, бұқараның тағдырына қатысты өзекті мәселелерді шешуді азаматтық парызым деп қабылдаған Мәди аға халыққа етене жақын болды. Көпшіліктің түйінді мәселелеріне басшылықтың көзін жеткізіп, шешімін тарқатып отырды.

Ол 1983-1992 жылдары институттың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болып, оқу орнының ғылыми тұрғыдан дамуына көп еңбек етті. Жаңып тұрған жастарды көре білген Мәди аға институт қызметкерлерінің жағдайын жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін бұрынғы Одақтың Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Тюмень және т.б. ЖОО-лары мен ғылым академияларына кезекпен жіберіп отырды. Қазір оның шакірттері жергілікті университетте ғана емес, еліміздің әр түрлі жерінде табысты еңбек етуде.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Мәди аға ғылыми бағытын өзгертіп, өлке тарихын, Қорықт мұраларын терең зерттеумен айналысты. Ол Қызылорданың 180 жылдығына арнап «Сырдың ару қаласы», «Сыр өңірі тарихы», «Қызылорда» атты кітаптарды жарыққа шығарды.

Алматыға барып, мемлекеттік архив қорынан ағасы Есенгелді Қасболатовтың іс-құжаттың тауып, оны кеудесіне қысып, ұзақ уақыт көз жаны ерік берген еді. «Мұның бәрі тәуелсіздіктің арқасы, тәуелсіздігіміз баянды болсын» дейтін абыз ақсақал.

Ғалым ағамыз ешқашан дүние жинамаған, оның ессесіне үйі толған кітап болатын. Үйіне барғанымызда керек келесетін кітаптарын көрсететін жақсы қасиеті бар еді. «Мана кітапты бір шопан далада жер қазып жатқанда тауып, маған хабар берген. Ғалым Ә.Қоңыратбаевты жіберіп алдырдым. Ал екіншісі – кезінде Перовск уезінің төрағасы болған қатыгез Герждоттың қолжазбасы, 1967 жылғы ұрпақтары әкеп берді» деді. Осылайша әр кітаптың тарихы жалғаса берді. Ағайын биік азаматтығы осы құнды кітаптарды өзі 60 жылдай еңбек еткен Қорықт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кітапханасына мұраға қалдыруы өскелең ұрпаққа қамқорлығы деп түсінудіміз керек.

Артында өшпес із, өлмес өнеге қалдырып, өмірден өткен ұстазымыз биік тауға ұқсатамын. Тау алыстаған сайын биіктейді, жылдар жылжып, уақыт өткен сайын ұстаз тұлғасы даралана түседі. Бойында кітапгершілік қасиеттер мен ұлылық дарыған ардақты ұстазың терең білімі мен өнегелі еңбек жолы мыңдаған шакірттердің жүрегінде сақталып қалары анық.

Сәкен СЕРІКБАЕВ,
Тарих ғылымдарының кандидаты.

Жерімізге сұғынған жатқұрттықтармен соғыста және ұлт-азаттығы жолында жан аямай күрескен батыр тұлғаларымыздың жарқын істерін кенінен дәріптей, шынайы патриоттарды тәрбиелей алмаймыз. Азаттық таңының атуы үшін сан гасырлар бойы егеулі найзасы қолдан түспей күрескен батырларымыз келешек ұрпаққа отанымыздың өміршең өнегесін, тамаша ғибрат үлгісін көрсетіп кетті. Осыған байланысты батырлар институтының қазақ қоғамындағы орны әлі де болса жан-жақты қарастырылуы қажет. Несін жасырамыз, аталған санатқа жататын көптеген жеке тұлғалардың өмір жолдары, елге жасаған еңбектері әлі кенінен зерттеле қойған жоқ.

Батырлар институтының тарихы мен маңызы

XVII-XIX ғасырларда қазақ қоғамында батырлардың рөлі ерекше болды. XVIII ғасырдың ортасында Жоңғар шапқыншылығына түпкілікті тойтарыс берген халқымыз, XIX ғасырдың алғашқы жартысында, сондай-ақ осы жүзжылдықтың орта тұсында ауыр тарихи кезеңді басынан кешіріп, екі бүйірден қысымға түсті. Ол бір жағынан бүкіл шығысқа үстемдік орнатуды көздеген Ресей империясы еді. Әбілқайырдың отінін желу еткен орыстар 1735 жылы Орбекінісін тұрғызды. Бірнеше жылдан кейін орны ауыстырылып, Орынбор аталған бұл қамал-қала кіші орда казактарының жерін отарлаудың мықты тірегіне айналды. Тура 112 жылдан соң Сыр өңіріндегі алғашқы бекінісінің негізін қалады (Арал бекінісі, 1847 жылы), яғни, Орскіден 1000 шақырымдай жерден (әрі кетсе екі айлық жол) Арал бекінісін салу үшін бір ғасырдан астам уақыт керек болды. Кедергі келтіргендер кім? Жауап біреу – осында уақыт Ресей экспансиясына тосқауыл болып жолында тұрған, атамекені үшін жан беріп, жан алысқан батыр бабаларымыз.

Екінші жағынан Сырдарияның сол жағалауындағы жерлерге бекіністер салу, ессіздік алым-салық жинау және т.б. әрекеттер арқылы өткендіктен Орта Азия (Хиуа, Қоқан) хандықтары еді. Хиуа хандығы 1812-1816 жылдары жүргізген басқыншылық шараларынан соң Сырдарияның төменгі ағысындағы басқыншылық бойында 200 адамдық гарнизонға арналған Құрытөбе, кейінірек Қазалыға жақын тұстаған Жаңақала және Қожанияз бекіністерін тұрғызды. Қоқан хандығы 1815-1820 жылдары Сырдарияның оң және сол жағалауында Жаңақорған, Ақмешіт, Күмісқорған, Жүлек, Қосқорған, т.б. бекіністерін салды.

Жатқұрттық басқыншыларға әрі олардың шексіз озбырлығына қарсы XIX ғасырдың 30-70-жылдарында ірі-ірі көтерілістер болды. Мұндай күресті Сыр бойында Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыздық Кенесарыұлы, Пірәлі Өтетілеуұлы, Жарылқап Манасұлы, Өзберген Мұнайғасұлы, т.б. би-батырлар өрістеткені белгілі.

Демек, жоңғар шапқыншылығы тулырған ел тарихындағы сындарлы кезеңде ел, Ресейдің екі ғасырға созылған отарлау саясатына қарсы күрескен де, іргеді жатқұрттықтарға ар-намысын таптанпаған да батырларымыз болатын. Патша өкіметі, кейіннен кеңестік билік жүргізген отарлық саясаттың құрамдас бөлігінің бірі – батырлардан құтылу арқылы қазақ халқы жуасуы еді. Осындай жыммысы әрекеттер нәтижесінде қазақ жерінің тәуелсіздігі мен бүгінгінің жоқшысы – батырлар әлеуметтік топ ретінде өмір сүруін тоқтатты. Десе де әкімшіл-әміршіл жүйе азаттық рухының өміршеңдігін жоя алмады. Ол халық жүрегінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Бұған жеркін дәлел – 1986 жылғы 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметіне қарсы көтерілісі.

Қай заманда да тарихшылар биліктің күштінің ығына есіп, күлшелінің сойылғын соққаны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қазіргі қоғамымызда кеңестік кезеңдегі сана-сына сіңірілген (ұлттық мүддемізге қарсы) тұжырымдарды ақиқаттың шынына балап жүрген «оқымысты» азаматтар баршылық. Кеңестік таптардың жолдан шыға алмай жүрген осындайлар бабаларымыздың ел қорғаудағы ерліктерінің ауқымын жоңғарлармен (құба қалмақтармен) болған соғыспен ғана шектегісі келеді. Тәуелсіз мемлекет болғанға дейінгі өзіне отыз жылдай уақыт өтсе де, тарихымызға, тіліміз бен ділімізге ауысуы соққы берген коммунистік дәуірдің өлімшеңдігі олар үшін әлі қымбат қазына іспеттес. Бұл феноменді әлеуметтанушылар, философтар мен психологтар жүйелі талдауы қажет. Сонда жана өзге елдің идеологиясына табынатындай қатарын азайту тетіктерін таба аламыз және өз кезегінде болашағымызды бекемдей түсеміз.

Ел басына күн туғанда халықтың рухын көтеріп, топтастыратын батырлардың өнегесі. 1941-1945 жылдар-

дағы КСРО-Германия арасындағы соғыстың бастапқы кезеңінде коммунистік партия басқарған Одақтың тағдыры қыл үстінде болғаны баршаға аян. Жалаң ұранмен елдің, әсіресе орыс халқының рухын көтере алмайтын түсініген большевиктер бұрынғы өткен тарихи тұлғалардың ерлігін насихаттауды, өз Отаны алдындағы еңбектерін үлгі етуді жедел қолға алды. Қазан төңкерісінен кейін үстем тап өкілдері санатында ұмыт қалған көптеген көшбасшы-қолбасшылардың есімі қатарға қосылды. Алайда Германияны тізе бүктірген соң аталған тақырып өзектілігін жоғалтып, күн тәртібінен тез түсті. Қазақтың кейбір беткеуестар тарихи тұлғалары туралы жазған тарихшыларымыздың туғынға ұшырап, қамалғаны да осы кезең.

Жақсы-жайсаңдарымызды жарыққа шығарудың екінші кезеңі өткен ғасырдың алысыншы жылдары Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылуының 250 жылдығын (1981 жылы) атап өтуге дайындық жұмыс-

қазақ даласындағы ықпалын күшейте түсті. Мықтап орнығып алған соң хандық басқарған Одақтың тағдыры енді біріңашы болды. Енді біреулері жан-жақтан аталған түрлі басқыншылармен өз бетінше арпалысты. Ел тарихындағы сындарлы кезең бұрынғы батырлық дәстүрдің ізбасары іспетті жана азаматтарды дүниеге әкелді. Оларды арқайсысы өз ауылына, өз жеріне қорған болу арқылы елдің намысын бермеді, ұлттық рухымыздың өміршеңдігін паш етті.

Қазақ қоғамының негізін бағзы замандардан ауыл халқы құрап келді. Ал кино кеткен сол кезеңдерде де бұл үрдіс сақталғаны ешқандай құпия емес, яғни, халық арқылы батырлардың көп шығуы – заңды құбылыс. Қазақстан тарихы жөніндегі үстірт



тары аясында басталды. Кеңес үкіметі бұл датаны насихаттау ісіне қаржыны үйіп-төкті. Көптеген көркем шығармалар мен ғылыми еңбектер жарық көрді. Әсіресе, біреудің ерлігін біреуге телігін, барды көрсесе көрмей, жоқтан бар жасап, қиялымен қиянға жеткізетін, онтайына келмейтін тұсын қызыл сөзбен көмкеріп білетін жазушылар қауымының наны жүрді. Кезінде жазушылар шығармаларында шегенделген шоғыр елге еткен еңбектері тарихи деректермен ғылыми дәйектеле қоймаса да, отандық тарихнамалар орын ойып алды. Тәуелсіздік жылдары шанаң аршылған талай жаңа есімдер бұрын әспеттелгендердің көлеңкесінде қалғандай.

Айтылғанды нақты мысалдармен өрнектерге орындай. Еліміздегі іргелі білім-ғылым ордаларының бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының 2000 жылдардан бастап жүргізген ынталы ізденістерінің нәтижесінде Сыр өңірінен соңғы төрт ғасырда шыққан 500-ден астам батырдың тізімі жасалды. Ұлтымыздың алғайды перзенттерін ғылыми айналымға қосу мақсатында ғылыми конференцияларда баяндама жасағанда басқа оқу орындары ғалымдарынан естінтіміз: «бір өңірден мұндай көп батыр шығуы мүмкін емес», «ауыл арасындағы ұрда-жықтың бәрін батыр деуге болмайды», «батырлардың санын көбейте бермей, бұрыннан белгілі (яғни, кеңестік кезеңде айқындалған) тұлғаларын манайына топтасайық», т.с.с. қыршаңқы сөздер. Бұларға қоса «ешкім білмейтін қайдағы біреулерді әспеттейдіңдер», «өз руластары мен ата-бабаларың насихаттайтындыр көбейіп кетті» деген сипатта өз ағайын кертартпаларымыз да аз емес. Соңғы жылдары жарық көрген тарихи энциклопедиялар мен өлкетану оқулықтарында да кемшіліктер баршылық.

Белгілі бір топты ғана асқақтатып, қалғандарын аласарту «Мәңгілік ел» мүддесіне қызмет етпейді. Кеңестік кезеңде есімдері шегенделген бірнеше тұлғаны ғана дәріптеу қазақ еліне жау тек шығыстан келгендей түсінік қалыптастырады. Ал бұл – кешегі кеңестік биліктің өткен тарихымызға қатысты жүргізген залым идеологиясының сарқыншағы. Сондықтан қазіргі әлемдік геосаясат алаңында ізбасарлары бар мемлекеттердің экспансиясынан туған жатқұрттықтармен халқымызды баяндауда кеңестік таптардың жолдан әлі толық шыға қоймағанды.

Жас өскінді ұлан-байтақ жерімізді білектің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге аманаттарды батырларымыздың өміршең үлгі-өнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз болып қала бермек. Батыр бабаларымыздың мұрасы – отаншылдық дәстүрін қайта түлету – ұлт дамуының басты стратегиясы. Халқымыздың жүрегіне жол тапқан «Мәңгілік ел» идеясы негізін өз осында.

пікірлер жеке тұлғалардың жете зерттелмегенімен тығыз байланысты. Бұл ғалымдар тарапынан соңғы кездері ғана көтеріліп жүр. Кеңестік кезеңде сол кездегі ағымға қарсы болуы немесе іздеушісі болмауы салдарынан көптеген санлақтарымыз тасала қалып қойды. Осынау еліміздің бүгіндігі, жеріміздің тұтастығы, ұлтымыздың азаттығы жолында жанын аямай күрескендерді немесе отаршылар тарапынан қуғын-сүргінге ұшырап, ұзақ жылдар тепсіріп көргендерді негізсіз кемсіту фактілерін енді болдырмауға тиіспіз.

Өкінішке қарай, өткен заманда жеке өзінің немесе өз тобының мүддесін ұлт мүддесінен жоғары қойғандар да болмай қалмады. Кейбір жалпақашедей саясаткерлер басыбайлы бандандықтан танданған осындайлардың іс-әрекетін «кемеңгерлік, көрегендік пен тағаттылықтың көрінісі» деп жастарымызға үлгі-өнеге етуде. Зердесі бар кім-кім де ұлтымыздың басынан өткен отаршылдық ессіздік ойраны мен нәубет-зобаланың атаалғандардың қатысы барлығын біледі, сезнеді, түйсінеді.

Тарихнамалағы ақтандардан артылу, халқымыздың беткеуестар санлақтары туралы тың деректерді ғылыми айналымға қосу, бұрынғы қапысыз ақиқатқа балаған тұжырымдарды жаңаша пайымдау ісі, кейбір кедергілерге қарамастан, қолбылып келеді. Дәй тұрғанмен, қойға алынған шаруаны қарқынды түрде «Отан тарихы» көптомдығына негіз болатын әр өңірдің тарихын кемінде 10 том етіп жазуды қолға алу, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» көптомдығын жаңартып, қайта басу, әр облыстың энциклопедиясын қайта шығару қажет. Қорқыт ата атындағы КМУ ғалымдарының «Сыр – Алаштың анасы», «Сыр өңірі батырлары» атты іргелі еңбектерді, «Сыр өңірінің тарихы» атты оқу құралын қаржы тауып, жарыққа шығару да – итілікті іс.

Елдің, жердің бүгіндігі жолында шайқасқан күрескерлердің жарқын істерін кенінен дәріптеп, насихаттауда теледидар мен кинотеатрларда көрсетілетін фильмдердің орны ерекше. Ал, бізде азаматтық тарихымызға арналған фильмдер жоқтың қасы. Отансүйгіштік сезім адамның бойында балалық шағынан, мектептегі кезінен қалыптаса бастайтыны белгілі. Ал біздің мектепке арналған оқулықтарымыз халқымыздың жатқұрттықтармен күресімін баяндауда кеңестік таптардың жолдан әлі толық шыға қоймағанды.

Жас өскінді ұлан-байтақ жерімізді білектің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге аманаттарды батырларымыздың өміршең үлгі-өнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз болып қала бермек. Батыр бабаларымыздың мұрасы – отаншылдық дәстүрін қайта түлету – ұлт дамуының басты стратегиясы. Халқымыздың жүрегіне жол тапқан «Мәңгілік ел» идеясы негізін өз осында.

Қали ОМАРОВ,
ғалым, публицист.

ОЛИМПИАДА

Тағылым бастауы – туған жер тарихы

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Сыр өңірі туған шежіре» тақырыбында оқушылар арасында олимпиада өтті. Олимпиадада үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебі, №11, Ә.Мүсілімов атындағы №101, 268 мектеп-лицейлерінің 10-сынып оқушылары қатысты.

Олимпиадада оқушылар тест сұрақтарына жауап беріп, бір тақырыпта жазылған зерттеу жұмысын қорғады. Бұл орайда оқушының ізденісі мен сауаттылығы, ғылыми негізге сүйенуі, архив қорынан тың деректерді пайдалана білуі, сөздік қоры мен сөйлеу мәнері, ойын еркін жеткізе білуі ескерілді.

Шара қорытындысымен I орынды Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің оқушысы Бағлан Ахметова, II орынды №11 мектеп-лицейінің оқушысы Дильназ Нұрадин иеленсе, III орынды «Мұрагер» мектебіннің

оқушысы Мағжан Өскенбай және №268 мектеп-лицейінің оқушысы Аида Нұрзілда бөлісті. Сонымен қатар, «Үздік эссе», «Ынтылақ зерттеуші», «Зерделі жұмыс», «Ұшықар ойлы қалам» жүлделері бойынша алғыс хаттар және сыйлықтар табысты.

Оқушылардың шығармашылық еңбегіне облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Н.Әбілдаев, облыстық мемлекеттік архивінің басшысы Н.Қуанышева, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға

тілшісі Ғ.Әбілда, қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледжінің тарих пәнінің оқытушысы, «Жас архивистер және тарихшылар» клубының мүшесі Ж.Дүйсенова және №264 мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі К.Әмірова баға берді.

Шараны қорытындылаған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Әбілдаев бұл олимпиада оқушылардың архив қорындағы деректер арқылы Сыр өңірі тарихын зерттеп, оқу-танымдық қабілетін айналындыруға септігін тігізетінін айтты. Дарынды оқушылардың шығармашылығын, ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған шара нәтижесі ізденістің ізсіз кетпейтінін көрсетті.

«СБ» ақпарат.

ЖОБА

«2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі №1373 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде 18404 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 1373 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде 6777 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 сәуірде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыммен бекітілген 2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б.Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Ысқақов.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы «__» №__ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы «24» сәуірдегі №1373 қаулысымен бекітілген

2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі бас, тонна	мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	10000	41951	419510
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы*		20000	3155	63100
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100000		
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150000	1459	218850
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу*		225000	1228	276300
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірлелі салмағы, килограмм	200	1180,9	236183,5
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	228,4	45673,6
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады)	өндірілген сиыр етінің килограммы	175		
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				

KazTransOil

ЕСКЕРТУ

«КазТрансОйл» АҚ Қызылорда облысының аумағында «Құмқол-Қарақойын» магистралына мұнай құбырлары, ТОБЖ бойлағы салынғанын, олар шағырмалық бағандармен және ескерту белгілерімен белгіленгені ескертеді.

ҚР-ның «Магистралдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін қуәту ережелеріне сәйкес, келесі күзгі аймақтары белгіленеді:

1) Мұнайды тасымалдайтын магистралды мұнай құбыры тасымалдау бойында – құбыр өсінін әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистралдық құбырдың күзгі аймағы құбыр өсінін әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың тасралары бойында – шеткі құбырлардың өстерінен 1) тармақпен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) суықты өткізгілері бойында - өткізгілердің шеткі желілері өстерінен әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтар арсында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеністігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығару арналарын және қамбалары төңірегінде - аталған объектілер жұмыс істемесінше шекараларының шекараларынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар партері, компрессорлық және газ тарту станциялары, өнім өшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер жұмыс істемесінше шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орналыады;

6) орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты көбікді және әуе байланыс желісі мен радиотіркелгі - жерасты кабель, транссы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде

2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛДЫҚ ҚУБЫРЛАР» СОЙКЕС 30-ЛАН 150 МЕТР-ГЕ ДЕЙІН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАКСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛДЫҚ ҚУБЫРГА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛУГА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдалануына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

- тану белгілерін, бақылау-өшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетілетін күшейтеу пункттерін қасқыртып, қақпаларын және ескерткі, желілік арматураны торап қоршауларын, қатодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылыстары ашуға, қрандр мен иезарларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- түрлі қосық орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ертініштерін төюуге;
- жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құбылу мен тасымалданатын өніммен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуге;
- закрілерді суға тастауға, суға тасталған закрілермен, тіабектермен, сүйретілетін және тралдармен өтуге, терендігін қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;
- өт жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

1.1	бір жынысты	сатып алынған доза	10000	2557,38	25573,8
1.2	қос жынысты		5000	146,8	734
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе Таусіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен әкелінетін шетелдік	сатып алынған бас	150000	230	34500
2.2	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген*		337000	300	101100
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
3.1	бағымдағы сиырлардың саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	35	7465,0	261274,7
3.2	бағымдағы сиырлардың саны 400 бастан басталатын шаруашылық		20		
3.3	бағымдағы сиырлардың саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10		
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10		
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5000	6172	30860
5.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100000		
6.	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	80000		
7.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату/ **	бас	240000	1640	393600

Кой шаруашылығы					
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	1000	49052	49052
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2500	73103	182758,2
2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		1500	106096	159144
2.3	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8000	13058	104464
3.1	Асыл тұқымды сиырлардың аналық басын сатып алу**		40000		
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	бас/шағылысу маусымы	10000	482	4820
5.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3000	15187	45561

Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас килограмм	100000	191	19100
2.	Ыне сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату		60	64,1	3844,8

Түйе шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	сатып алынған бас килограмм	100000		
2.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату		55	89,9	4946,4

Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұсымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5000	650	3250
Барлығы		х	х	х	2684200,0

Ескертпе:

* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде 18404 нөмірімен тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау Қағидаларының 4-тармағына сәйкес Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50 пайызға дейін және мал азығын субсидиялау бойынша 100 пайызға дейін ұлғайтуға жол беріледі;

** - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінгенде.

Асыл тұқымды жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Отандық асыл тұқымды ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын сатып алу қаржы институтымен кредит беру шарты болған кезде субсидияланады, бұл ретте субсидиялар кредитті өтеу есебіне арнайы шотқа аударылады.

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Магистралдық мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсаттысы:

- «КазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жабдықтау және пайдалану тәртібін келісетін магистралдық құбырдың және оның күзетілетін аймағы тасраласын өткізген, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;
- бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жырғылатын терендігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «КазТрансОйл» АҚ-пен келісіммен қандай да бір жұмыстарды орындауға;
- магистралдық құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «КазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистралдық құбырларда өткізе қарсы және құзғи қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына келергі жасауға;
- кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтылығын ұйымдастыруға;
- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суарған және қурғатқан жүйелерді салуға;
- «КазТрансОйл» АҚ-пен келісетін тау, құрылыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- ұңғымалардың, шұрғатардың құрылыстарымен және топырақ (жер қырғасының үзінгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезиялық және басқа іздеуші жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелермен белгіленген минимумды қашықтықта магистралдық құбырларға жатайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистралдық құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

- «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистралдық құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамды жұмыс істеп тұрған құбырлар қорғалған жоқбау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
- кем дегенде 5 тәулік бұрын «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілі жұмыстарды жүргізуге орнына шақыруға;
- құбырлардың және тауы белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«КазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін қуәту ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылмай, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін қуәту ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистралдық құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (мемшкі түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қалайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

Заң, Кодекстер және ҚР КЕ талانتарын бұзылмайтын кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жағрыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласуға қажет:

«КазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы.

100600, Жезқазған қ.к., Ескі әуезай ауд.,

Тел.: 8 (7172) 55-52-55 – Нұр-Сұлтан қ.к., №5

техникалық учаскесінің Б/Б/д диспетчері; 8(7102)

925-255 –«Құмқол» Б/М/С аумағындағы бастығы

кеңесші; 8 (7102) 925-241, Факс: 8 (7102) 925-242 –

Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.

Хабарландыру

«Қазақстан Халық Банк» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2019 жылдың 27 қарашасында сағат 10.00-де кешенді ғимаратты және аумақты жиыстыру, коммунальдық желілерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу туралы ашық тендер өткізілетінін хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін 2019 жылдың 26 қарашына қоса алғанда мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қаласы, Байсеитова көшесі 91А, 505-кабинет, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін немесе UlbosynM@halykbank.kz почтасы арқылы алуға болады.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2019 жылдың 26 ақпаны сағат 18.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қаласы, Байсеитова көшесі №91А, 505-каб.

Тендерлік өтінімдері бар конверттер тендерлік өтінім берген барлық өнім берушілердің қатысуымен келесі мекен-жайда ашылады: Қызылорда қаласы, Байсеитова көшесі 91А, мәжіліс залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы келесі телефон 8 (724) 2-550277, 550508 немесе e-mail UlbosynM@halykbank.kz. арқылы алуға болады.

Электронды үкімет порталы арқылы бизнес ашуға болады

Енді жеке кәсіпкерлікті заңды түрде еlicense.kz порталында онлайн түрде тіркей аласыз.

Алдымен, жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама қызметінің бетіне өтіп, онлайн тапсырыс беру керек.

Салық органын таңдаңыз. Өтінішті толтырып, жеке мәліметті енгізісіз. Кейін мемлекеттік кіріс органдарының растауын күтесіз. Одан әрі ашылған терезеде кәсіпорныңыздың деректемелері мен параметрлерін көрсетуіңіз қажет. Мысалы, мекенжайы, атауы, қызмет түрі,

салық салу нысаны және тағы басқа.

Сонында сұранымды электронды цифрлы қолтаңба арқылы растайсыз. Жеке кәсіпкерліктің ашылғаны туралы хабарлама бір күн ішінде жеке кабинетіңізге келіп түседі.

Гүлмира МОЛДАҚОЖАЕВА, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ облыстық филиалы халыққа қызмет көрсету орталығы №1 бөлімінің маманы.

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарла

МҮШӘЙРА

«Атыңнан айналайын, Атамекен!»

«Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдығы аясында «Атыңнан айналайын, Атамекен!» атты облыстық ақындар мұшайрасы өткізіледі.

ЕРЕЖЕСІ

Мұшайраңның мақсаты: Алаштың анасы атанған киелі Сыр өңірі дәуірлер сипатын ашатын тарихқа да, данышпан би-шешендеріне, бағырлары мен ақындарына, қалған асыл мұраға да бай. Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша сондай жетігерліктерімізді ұрпақ бойына сіңіруге ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді.

Мұшайраңның талаптары мен шарттары: - Мұшайраға 18-40 жас аралығындағы ақындар қатыса алады. - Қатысушы мұшайрада оқылатын өлеңін алдын ала көрсетілген мекен-жайға жіберуі қажет. - Ақын өз даусымен екі өлең оқиды, екеуі де көрсетілген тақырыптарды қамтуы тиіс. - Мұшайраға арнайы сараптаудан өткен ақындардың шығармалары жіберіледі.

Жемішпаздарды анықтау және марапаттау: Мұшайраңның өту барысында қазылар алқасы төмендегі талап-талғам бойынша жұмыс жасайды.

Өлеңнің тақырыбы және құрылымы;

- Тіл тазалығы мен ақынның тақырыпты жеткізу шеберлігі; - Автордың оқу мәнері мен аудиторияға әсер етуі; - Қатысушының өзін сахнада ұстау мәдениеті; - Озық өлеңдерге 3 орын (1, 2, 3-орын) және ынталандыру сыйлықтары беріледі.

Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған шығармалар ақшалай сыйлықпен және дипломмен марапатталады.

Мұшайраға ұсынымдар 22 қарашаға дейін қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». Байланыс телефондары: 40-11-10 (1038,1033) e-mail: syrboyi@yandex.kz, aiashuly_62@mail.ru

Ескерту: Мұшайра 28 қараша күні сағат 10-да А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде өтетін қос газеттің мерейтойына арналған конференция барысында ұйымдастырылады.

Ұйымдастыру алқасы.

«Мені өледі деген сөздер – ертегі...»

Әділ Ботпановтың шығармашылығына арналған кеш



Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде 2019 жылдың 29 қарашасы күні сағат

10.00-де тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың 50 жасқа толуына орай және ақын шығармашылығын насихаттауға арналған «Мені өледі деген сөздер – ертегі...» атты жыр кеші өтеді.

Жыр кешінде Қызылорда қалалық Жастар театрының композициясы тамашаланып, ақын өлеңдері оқылады. Белгілі эстрада өншілері ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды.

Жас ақындардың республикалық жыр мұшайрасы өткізіледі.

Жыр кешінде Ә.Ботпановтың өмірдегі, өлеңдегі үзгенілес достары, елімізге есімі танымал қаламгерлер естеліктер айтады.

Қасиетті кара өлең нәрімен сусындаймын деген барша талғамды тыңдарман есік ашық.

«Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» ҚБ мен Қызылорда қалалық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі. Ақпараттық демеуші – «Сыр медиа» ЖШС.

Палуандар бәсекесі: жамбылдықтар жеңіс тұғырынан көрінді



Сонғы жылдары күреске қамқорлық ерекше сөзге бастады. Федерация 1981 жылы құрылса, содан бері республика бойынша бұл спорт түрінен 14 клуб пайда болды. Республикада 2 мыңға жуық жаттықтырушы еңбек етіп жүр. Елде 116 мыңнан астам шұғылданушысы бар казак күресінен жарыстар әлемдік деңгейде өткізіледі. Халықаралық күрес федерациясының күрестер тізіміне енген.

Ол тізімге ену үшін өзіне тән формасы да болу керек. Біздің казак күресіне қатысушылардың кеудешесінің жеті қысқа, етегінде жырығы бар. Шалбарында да солай. Жең қолдың еркін қимылдауы үшін қысқа, жырық та қол аяқтың қозғалысына кедергі болмас үшін қойылған. Ою-орнак – ұлттық символымыз. Ал кеудешенің сипаты сауытқа ұқсас. Батырларымыз сауыт киіп, жаумен айкасса, олардың ұрысын қазір өнерге айналдырдық. Бұл – батыр бабалардың бізге қалдырған аманаты, – деді облыстық казак күресі федерациясының президенті Рәзқұл Нұртаев.

Боз кілемге шыққан алғашқы спортшылардың бірі ретінде 52 келіде сыңға түскен Нұр-Сұлтан қаласының палуаны Ботакөз Дүйсенбаева мен жерлесіміз Аида Ермашова белдескенде кілемнен көз алмадық. Соңына дейін күресті, Екеуінің күші тең тәрізді еді, бір-бірін ала алмаған. Ойымызда кешегі Нұрым Сәлімгерей мен солтүстікқазақстандық Мұхит Тұрсынның кездесуіндегі жағдай. Қайталанбаса деп тұрғанбыз. Спорт заңдылығына сәйкес егер екі спортшы тең деңгейде күрессе, қайсысының салмағы жеңіл болса, сол алатын. Алғашқы күнделікті өттеген-айымыз осы болды. Қос қарлығаштың да күші басым болып, өрнекті ойын көрсетті. Санаулы секундтар қалғанда елордалық палуан қыз жерлесімізді жерге алып ұрды. Көзімізді тарс жұмдық.

Гайбулла Диана да алғашқы сәтте мықтылығын көрсетті. Павлодарлық Жанар Билялова күресте қарсыласын шыдатпады. Көп уақыт жібермей, жеңіп шыққан. Онысына қуанып, бөркімізді аспанға атық. Мұнан соң түркістандық Айжан Жылқыбаевамен кілемге шыққан оны қарсыласы салғана басымдықпен тізе бүктірді. Бұл – ақтық сыңға шығу үшін жекпе-жек болатын. Өкінішке қарай, оған жетпедік. Осылайша, 52 келіде сайысқа түскендер арасынан Айжан Жылқыбаева Дианадан соң бірнеше қарсыласын жығып, финалда батысқазақстандық Әйгерім Телемғеновамен шыққан. Нәтижесінде бірінші орынға тұрғанды. Ал Ә.Телемғенова екінші орынды еншіледі. Үшінші орын павлодарлық Жанар Билялова мен елордалық Ботакөз Дүйсенбаеваға бұйырды.

Күрестің 48 келілік бәсекесіне 7 палуан қыз қатысты. Тартысты бәсекенің төрінде бірінші орынға шымкенттік Ұлдана Сайыл тұрғанда, түркістандық Жадыра Пайыз екінші орынды еншіледі. Ал алматылық Сымбат Нағашыбаева

мен қарағандылық Маргарита Бажаеваға үшінші орын бұйырды. 57 келіде сыңға түскен жерлесіміз Зулфия Баянова алғашқы айналымда-ақ жығылды. Қарсыластарынан айласын асырып, тәжірибе мен шүптің басымдығын танытқан жамбылдық Ақмарал Ернарзаға көшшілік тәнті болды. Тығызарықтай денелі ол финалда алматылық Сымбат Дулатовамен белдесті. Нәтижесінде алматылық ару екінші орынға не болды. Үшінші орынды Қарағанды палуаны Қымбат Бақыт пен атыраулық Ақжол Қайымхан алды.

Күрестің 63 келілік сайысында сырбайлықтар Сымбат Төренге көп үміт артты. Ө дегеннен қарсыластарын алып ұрып, жығып келе жатты. Пай дестік. Шымкенттік палуанды жеңіп, алматылықпен шыққанда да дүйім жұрттың делебесі қозып, кілемнен ошаны көтерілгендей болған. Ойын соңында ол да жеңіс жолынан тайды. Боз кілемде қарағандылық Ажар Салықова өзгеге дес бермей, жеңіс тұғырынан көрінсе, алматылық Камила Ыскакова екінші орынға тұрақтанды. Ал Сымбат Төрен мен Нұр-Сұлтан қаласынан келген Ұлдана Дүйсенбаева үшінші орынды қорғап қалды.

Жетпіс келідегі палуандар арасынан да жерлестеріміз жеңіс жолына шыға алмады. Гүлдерайым Алмағамбет алғашқы қарсыласын жеңгенмен, одан кейін жолы болмады. Аліса Нұртаев алғашқысынан да осылық танытты. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» деген осы да. Бұл салмақта сыңға түскендер арасынан батыс өңірдің бағы жанды. Атыраулық Назгул Кубашова бірінші орын алса, актөбелік Аруна Жангелдина екінші орын иегері аталды. Шымкенттік Әйгерім Тасболат пен жамбылдық Аружан Жолдас үшінші орынды қанағат тұтты. Жетпіс сегіз келіде Әсел Бисембай мен Мереке Құдайбергенова облыстың намысын қорғамақ болды. Десе де, Әсел Бисембай алғашқы жекпе-жектер ірі аса алмады. Мереке Құдайбергенова үшінші орынға табан тіреді. Шымкенттік Гәлиябану Аманханова да осы деңгейге тұрақтанды. Екінші орынды актөбелік Аяла Мереке ала, бірінші орынның биігін атыраулық Эльмира Самиголдақы бағындырды.

Жарыстың соңғы күнінде төрешілер команда бойынша жүлделі орындарды үлестірді. Чемпионатта Жамбыл облысы топ жарып, бірінші орынды ала, екінші орынды Алматы қаласы қанжығасына байлады. Үшінші орын Атырау облысының командасына бұйырды.

Бұл чемпионаттың өзіне тән ерекшелігі бар. Осы тартысты долаға қатысқанға болшақта әлемдік, халықаралық ірі сайыстарда ел намысын қорғайды. Ал жүлделі 1, 2 және 3-орын алған палуандар ұлттық құрама сапына енді. Қарсыласты тізе бүктіріп, айласын асырған апайтестердің байрақты бәсекесі Алаштың айынын асырғаны анық. Сыр спортшылары бұл жолы қонақтарға жол берді деп өзімізді жұбатқандай болды.

Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ.

1-бет.

Тәрбиенің талбесігі

Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» естелік-эссе кітабы казак халқына қажет тәрбиелік мәні зор туынды, әр шаңырақтың төрінде тұруға лайық. Смартфонға байланған бүгінгі буынға нағыз керек кітап.

Байыптап қарасақ, ұлтын шексіз сүйген даңқты батыр Бауыржан Момышұлы секілді ел үлгі-өнеге тұтқан терең білімді тұлғалар сирек. Ал салт-дәстүрдің жолын білетін үлкендер азайып барады. Осылайша біз ата мен әженің немересіне беретін тәрбиесінен – казак ұлтының алтын қазығынан ажырап барамыз. «Бабалар аманаты» осы оқилықтың орын толтыра алады.

Батыр ағамыздың отбасында айтылған сыр мен шертілген ғириатты әңгіменің алғашқы бөлігін Зейнеп Ахметова оқирманға осыдан 32 жыл бұрын ұсынған болатын. Сонау 1987 жылы шыққан «Шуақты күндерді» оқушы кезінде сатып алғанмын. Содан бері «Шуақты күндер» үстелімің үстінде тұратын, жиі қолыма алатын сырласыма айналды. Әр оқыған сайын өзіме өмірдің жаңа парактарын ашқандай боламын.

Бұл кітап батыр ағамыздың баяндауында берілген. Автордың шеберлігі – осыдан 30-40 жыл бұрынғы оқиғаларды күні кеше ғана өткендей көз алдыңызға келтіреді, оқиғаны шешен тілмен баяндайды. Аталған кітаптар жазу бұнына ана емес, еңбектеген бүлдіршіннен еңкейген қартқа арналған. Қос кітапты парактаған кез келген жастағы жан өзіне керектісін алады, көкейде жүрген сауалдарына жауап табады.

Үзіндіге кезек берейік: «Бұрын казакта қазіргідей үлкен-кіші, еркек-әйел жаппай сүйісіп амандаспайтын. Әсіресе, батнауды ер-азаматтардың кездескен жерде сүйісіп амандасуы казак қауымында бұрын атымен жоқ еді. Бұл Хрущевтің билік құрған кезінен кең етек



алып, жайылып кетті. Ерлер қолдасып амандасушы еді. Сағынысып көріскенде құшақ айқастырып қауышатын. Міне, осыларды «еркекке сәлемдесу» дейді. Ал әйелдер өзара құшақтасып, сүйісіп амандаса беретін. Қариялар өзінң баласындай, немересіндей жастарды жақсы көріп өмірленгенде құшағына қысып, арқасынан қағатын. Бұрын казактар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басына сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерісіз, есіркеуді тілеп тұратын ныжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданатын, жігерленеді, енесінің тіз ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержеткен деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатқұрлық, қыздың бағы – үйде емес, тұрды. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын

жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады?» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еніс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады». Қандай ғажап ырым десенсізші... Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екенін бағамдай білмейді екенбіз.

Мұнан біз бабалар аманатына адал болу қажет екенін ұғамыз. «Мен білгенімді саған айтам, сен өзінің балана айтасың, үйретесің. Кейін бала өз баласына айтса, сөйтіп, бір шаңырақта бабалар аманаты жалғасады. Күнделікті тілімізде «Елге еңбек сіңіріп, халыққа қызмет ету» деген сөз әр деңгейде жиі айтылады. Мұның пшнайы мәнін көбі ұға бермейді. Елге еңбек сіңіріп, халқына, ұлтыңа қызмет ету деген – ең алдымен, ана тілінді, ата дәстүрінді отынның басында сақтап, ұрпағыңның бойына сіңіру деген сөз. Осыны ұмытпаған адам өз халқының алдында жеген нанын, татқан тұзын ақтайды. Балаларым ретінде сендерге де мұны аманат, өсиет етемің» деген сөзі халқының болашағын ойлаған дана адамның жүрегінен жарып шыққан жанашыр лебіз, биік тұжырым деп есептеймін.

Бұл кітап дәстүрлі ұлттық тәрбиенің маңыздылығын қарапайым тілмен жеткізіумен құнды. Автор батыр ағамыз әңгімелерін пшнайы күйде молдіретіп баяндайды. Азат еліміздің жас ұландары ұлттық салт-дәстүрді бізге жеткізетін осындай кітаптардың арқасында ғана казак болмысты сақтап, ақыл-қуаттың сарқылмас қорына қол жеткізбек.

Сәуле ЖОЛШОРАЕВА, №211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің мұғалімі.

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАҢҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста - ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұын аурулары ерекше қауіп төндіріп, бедел ала бастайды.

Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екенінді үйі керек, оны емдеген жағдайда, науқастың мүгедек болу қауыпы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінісіңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындарды жағастырушы және шеміршек тінін қалпына келтіріп, қабыну процесстерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрозервек» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрозервек» буындарды қалайсыздықты және ауырсынуды жояды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал - синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің ұлғайтып және көлемін қалпына келтіреді. «Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

«Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

«Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

«Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

«Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

«Артрозервек» ағзаның қан айналымын жақсартады, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуі әкеледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРІДЕ АРТРОЗЕРВЕК КҮРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫҚ БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



МЫНА ТЕЛЕФОН БОЙЫНША ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ АУРУЛАРЫ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС АЛА АЛАСЫЗ ЖӘНЕ «АРТРОЗЕРВЕК» ТАПСЫРЫС БЕРЕ АЛАСЫЗ 8 727 321 11 88 немесе artroreserve.kz сайты арқылы.